Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 11-12 (1222-1223)

21.03.2025

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қадірлі қауым!

Бүгін – Амал күні. Сондықтан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн – Әз-Наурыздың бастауы. Еліміздің төл мерекесі биыл да қасиетті Ораза айына орайлас келіп отыр. Қастерлі мейрамдарымыз халқымызды игі амалдар жасауға үндейді. Асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді. Құрылтайдың ұлық мерекелермен қатар өтіп жатқаны жақсылықтың нышаны деп ойлаймын.

Енді бірқатар мәселеге арнайы тоқталып өткім келеді. Ең алдымен қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікірімді айтайын. Салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Бұл туралы жаңа ғана белгілі экономист Жақсыбек Құлекеев жақсы айтып өтті.

Сондай-ақ Құрылтай мүшелері Қайырбек Арыстанбеков, Марат Башимов, Ерлан Саиров, Расул Рысмамбетов және Мұрат Әбенов салық-бюджет мәселесіне қатысты орынды пікір білдірді. Еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек.

Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек. Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсініспікпен қарайды.

Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген.

Түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес. Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде. Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз. Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе, алаяқтыққа жол берілмейді.

Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық. Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс. Қазақстанда түрлі салық режимі, көптеген жеңілдіктер мен преференциялар бар. Оның бәрі елімізде салық офшоры сияқты ахуал қалыптастырды.

Кәсіпкерлердің екі негізгі тобы пайда болды. Олар – заңнамадағы олқылықтарды пайдаланып, салық салынатын табысын өзі үшін азайтып көрсететіндер және барлық салықты адал төлейтіндер. Кәсіпкерлердің осы екінші тобы бәсекеге төтеп бере алмай жатыр.

Үкімет салық төлеуден жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндердің әрекетіне орынды назар аударды. Өкінішке қарай, мұндай жағдай жаппай белең алған.

Заңнамадағы олқылықтар бизнесті бөлшектеуге жол беріп отырғанын мойындау керек. Бұл мәселеге Үкімет те, депутаттар да жете мән бермеген.

Тағы да әдемі көрсеткіштерге әуестеніп кеттік: елімізде екі миллионнан астам салық төлеуші, яғни жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тіркелген деседі. Бірақ олардың қандай кәсіпорындар екеніне, қалай пайда болғанына, қанша салық төлейтініне, тіпті оны төлеп жатыр ма, жоқ па дегенге еш талдау жасалмаған.Бірақ қазір құр кінәлаудан іс оңға баспайды.

Енді ахуалды шұғыл түзету қажет. Үкімет пен Парламентке айтарым – заңнамаға жедел түрде тиісті түзетулерді енгізу керек.Әділ әрі тиімді салық жүйесін құру еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұғынған жөн.

Билік бизнеске қолдау көрсетіп келді, көрсете де береді. Бұған күмән болмауға тиіс. Бірақ бизнестің өзі заңды және заңсыз болады. Біз заңды сақтау, тәртіпке бағыну керек деп жатамыз. Ендеше Үкіметтің және жалпы биліктің қолдау шараларының игілігін, бірінші кезекте, адал әрі жауапты, ең бастысы, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер көруге тиіс. Олар тиісті артықшылыққа ие болады. Салық реформасына келсек, батыл шараларды дәл қазір қабылдау керек. Әйтпесе, бұдан да зор қиындыққа тап боламыз.

Енді бірыңғай уақыт белдеуіне көшуге қатысты пікірталасқа тоқталайын. Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылады. Арнайы зерттеулер жүргізілді, шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қаупі мен күмәнкүдігі расталған жоқ.Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірыңғай уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді. Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ.

Жалғасы 4-5-бетте.

БАСПАСӨЗ-2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Елімізде креативті индустрия субъектілері мен осы салада жұмыс істейтіндер саны 15%-ға артты. Үкімет отырысында ҚР мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева республикадағы креативті индустрияны дамыту жұмыстары туралы баяндады. Ол 2021 жылдан бері Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында ел экономикасында осы сектордың үлесін арттырудың маңызын бірнеше рет атап өткеніне тоқталды.

***

2019 жылдан бастап Қазақстанда ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып келеді, нәтижесінде 1 миллионнан астам оқушы орнын қамтамасыз еткен 1200 жаңа мектеп қолданысқа берілді. Әсіресе, 2023 және 2024 жылдардың нәтижесі аса маңызды болды, бұл жылдары 510 мың орындық 422 мектеп салынды. Бұл көрсеткіштер бірқатар негізгі мәселелердің шешімін тапты, оның ішінде 32 апатты, 71 үш ауысымды мектеп және 200 мектепте орын тапшылығы мәселесі жойылды.

***

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құрудың кезең-кезеңімен жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар 49 өрт сөндіру бекетінің күштері мен құралдарын тарту жоспарларына енгізді, олардың қарауында 7 өрт сөндіру автокөлігі бар. Құрылған өрт сөндіру бекеттері облыстың халық саны 154 мың адамнан асатын 159 ауылдық елді мекенінде өрттен қорғауды қамтамасыз етеді.

***

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Төтенше жағдайлар департаментінің және «Қазселденқорғау» ММ филиалының басшылығымен бірлесіп Жетісу Алатауы тауларына аэровизуалды тексеру жүргізді. Әуеден бақылау барысында су тасқынының алдын алу мақсатында таулы өңірлердегі қар жамылғысы деңгейі мен қардың еру процесіне зерделеу жасалды. Сондай-ақ аудан, қала әкімдері жергілікті жерлерде селдің алдын алу бағытында қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді.

***

Наурыз мерекесін атап өту аясындағы Шаңырақ күніне орай әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға, жетім балаларға, көп балалы отбасыларға облыс орталығында жаңа 60 пәтер берілді. Талдықорғандықтарға пәтер кілттерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев тапсырды. Пайдалануға берілген үйдің 15-і - бір бөлмелі, 15-і – екі бөлмелі, 30-ы – үш бөлмелі пәтерлер.

***

Жетісу облысында Наурыз мейрамының онкүндігі аясындағы Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күніне орай «Өмірге алғашқы қадам» атты тұсаукесер рәсімі өткізіліп, бір мезгілде 336 баланың тұсауы кесілді. Бұл рәсім Қазақстанның Рекордтар кітабына енгізілді. Ал бұл күні Қаратал ауданында тұсауы кесілген 30 балаға байғазы ретінде қозы берілді.

***

«Наурызнама» тұжырымдамасы аясында «Жанашыр жүрек» республикалық қайырымдылық акциясы Жетісу өңірінде де кеңінен атқарылуда. Қазіргі кезде акция аясында облыстың аудан-қалаларында жалпы саны 3 мыңнан астам отбасы қайырымдылық шараларымен қамтылып, оларға 33 млн. теңгенің көмегі көрсетілді.

***

2025 жылғы өрт қауіпті маусымда Жетісу облысы аумағында орман және дала өрттерінің пайда болу және оларды жою тәуекелдерін төмендету жөніндегі іс-шаралар кезеңдік жоспары әзірленіп, бекітілді.

Өңірдегі жағдайды бақылау мақсатында 3098 адамнан және 529 бірлік техникадан тұратын күштер мен құралдардың өңірлік тобы бар.

***

Облыс экономикасына 522 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды 2024 жылдың қорытындысы бойынша облысымызға 522 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 43%-ға артық. Оның ішінде 394 млрд теңге – жеке инвестиция. Яғни, бұл қаражатты облыстың іскер азаматтары мен кәсіпкерлері салған. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жеке инвестиция көлемі 67%-ға артқан.

***

2025 жылы Жетісу облысында сауда нарықтарын жаңғырту бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында алты сауда нысанын жаңарту жоспарланған. Заңнамаға сәйкес, еліміздегі барлық сауда нарықтары жаңғырту жұмыстарын 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін аяқтауы тиіс. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл талаптарды орындамаған нарық иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бір жыл ішінде қайталанған заң бұзушылық үшін 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл қарастырылған, бұл қазіргі кезде 98 300 теңгеге тең.

***

Талдықорған қаласында тірек-қозғалыс аппараты және көру мүшесі зақымдалған пара спортшылар арасында пауэрлифтингтен ҚР чемпионаты басталды.

Аталмыш жарысқа еліміздің әр облысы мен қалаларынан 200-ге жуық спортшы қатысады. Жетісу облысының намысын 19 пара спортшы қорғайды. Айта кетсек, дүбірлі дода 22 наурызға дейін жалғасады.

***

18 наурыз Талдықорған сервис және технология колледжінің базасында «Оқушылар сарайымен» бірлесе, «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қала мектептерінің оқушылары арасында «Family Skills» аспаздық байқауы өтті. Бұл байқауға Талдықорған қаласындағы «Оқушылар сарайының» «Аспаз» үйірмесінің оқушылары мен олардың аналары, апалары қатысты.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Жетісу облысы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысын өткіздім, комиссияның отырысына комиссия мүшелері, басқарма басшылары және аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары - комиссия төрағалары, хатшылары қатысып, күн тәртібінде 2 мәселе қаралды.

Бірінші мәселеде «Кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыруда спорттық және шығармашылық секцияларға қатыстыру мәселесі» қаралды, онда кәмелетке толмағандардың, әсіресе аз қамтылған, көп балалы және сәтсіз отбасындағы балаларға баса назар аудара отырып, олардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына мүмкіндіктер жасау қажеттілігі тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша Көксу ауданы бойынша сәтсіз отбасындағы балалардың жағдайлары, оларды әр түрлі үйірмелерге тарту, олардың ата-аналарын жұмыспен, атаулы әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстары туралы баяндамалары тыңдалды.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша құзыретті басқармалар мен мекеме басшыларына нақты тапсырмалар тапсырылды және кәмелетке толмағандардың мәселесі күн тәртібінен түспейтін күрделі мәселелердің бірі екені айтылып, жиынға қатысушыларға бұл бағыттағы жұмыстарға баса назар аударып жауапкершілікті күшейту тапсырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖЕТІСУДА ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ЭТНОДЕФИЛЕ, КӨРМЕЛЕР, ОТБАСЫЛЫҚ КОНКУРСТАР, БЕЙНЕЧЕЛЛЕНДЖ ӨТКІЗІЛДІ

Ұлттық киімдер күніне арналған Наурызнаманың бесінші күнінде облыс аумағында этнодефиле, көрмелер, отбасылық конкурстар, мекеме-ұйым ұжымдарының бейнероликтер челленджі ұйымдастырылды.

Мәселен, Талдықорған қаласының орталық алаңында этнодефиле өткізіліп, онда қыз-жігіттер түрлі этностардың ұлттық киімдерін киіп шықты. Мереке бұдан әрі «Наурыз Аруы - 2025» байқауының финалымен жалғасты. Осыған дейін байқаудың іріктеу туры Өтенай ауылдық мәдениет үйінде өткен болатын. Іріктеуден өткен он ару көркіне ақылы сай екенін таныту үшін көрермендер алдында өзінің бар өнерін паш етіп, сахнада қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне байланысты сұрақтарға жауап берді. Байқау қорытындысында бас жүлдеге Талдықорғандағы Б.Сырттанов атындағы №25 орта мектептің 11 сынып оқушысы Еркежан Серікхан ие болды.

Атап өтсек, осы күні Талдықорғандағы Салтанат сарайында «Ұлттық киім – ұлт бейнесі» көрмесі, сондай-ақ Көркемсурет галереясында «Қызай өрнек» тақырыбында көрме-фестиваль өткізілді. Көрме-фестивальда «Қызай қалпақ», «Қызай кимешек», «Қызай тақия», «Қызай түскиіз бен шымылдық», «Қызай ер мен ат әбзелдері», «Қыз жасауы», басқа да тұрмыстық бұйымдардың, Қызай анаға қатысты баспадан шыққан шежіре, тарихи, ғылыми еңбектердің таныстырылымы болды.

Сол сияқты Қаратал ауданының Үштөбе қаласында «Ұлттық киімдегі отбасы» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 44 отбасы қатысты. Олар қазақ халқының күнделікті киімдерімен қатар, түрлі қуаныштарда киетін мерекелік киімдерін, қазақы оюлар мен әшекейледі де дәріптеді. Байқауда Жұмаділ, Ерғосаевтар, Захан, Сұрабалдиновтар, Долашовтар, Рысқазы, Ашықбаевтар және Апасхановтар отбасылары жеңімпаз атанып, диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Сол сияқты Көксу ауданында іскер әйелдердің қоғамдағы рөлін, олардың кәсіпкерлік және еңбек саласындағы жетістіктерін атап өту мақсатында «Жұмысшы мамандықтары жылына» арналған «Әйел және еңбек мерейі» атты іскерлік әйелдер форумы өтті. Іс-шара «Адал Азамат - Адал еңбек - Адал табыс» атты көрмемен басталып, онда іскер әйелдер өз қолымен тіккен ұлттық киімдері мен өз қолымен дайындаған ұлттық тағамдарын, ағаштан, былғарыдан жасалған қолөнер бұйымдарын, ұлттық киімдер бейнеленген картиналарды көрермендер назарына ұсынды.

Осы күні ұлттық киімдерді дәріптеуге арналған іс-шаралар облыстың барлық аудан-қалаларында кеңінен ұйымдастырылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Фотосуреттерді түсірген: Жұмабай Мұсабеков, Олжас Құрмашев

3 МЫҢНАН АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Наурыз мерекесінің бастауы болған Көрісу күнінде «Таза Қазақстан» бағдарламасының аясында Жетісу облысында мыңдаған көшет отырғызылды. Мәселен, Талдықорғанда Қаратал өзенінің жағалауына 141 қарағай көшеті отырғызылса, Панфилов ауданында 3 мыңнан астам ағаш егілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған Талдықорғандағы көгалдандыру шарасына мемлекеттік қызметшілер, орман шаруашылығының өкілдері, жалпы белсенді тұрғындар – жалпы саны 100 адам қатысып, олар өзен жағалауының облыстық перинаталдық орталықтан Теннис кортына дейінгі аралығына ағаш екті.

Осы орайда Панфилов ауданы қылқан жапырақты ағаштың 10 түрін екті. Көшеттер мектептер аулаларына, сквелерге, көшелердің бойына отырғызылды.

Атап өтсек, жалпы биыл облыс көлемінде 120 мың ағаш көшеті егіледі деп жоспарланған.

БАЛА - БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ, ҰЛТТЫҢ ҮМІТІ

Тұсаукесер – қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келген, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрі. Бұл рәсімнің мәні тек баланың алғашқы қадамымен ғана байланысты емес, ол тұтас бір ұлттың мәдениеті мен болашаққа деген сенімінің көрінісі. Қаратал ауданында өткен Наурызнама онкүндігінің аясындағы «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүрлер күні» ерекше сәтке айналды.

Өмірге алғашқы қадамдарын жасауға талпынған 50 бүлдіршіннің тұсауларын аудан әкімі Ұлан Әлдибекұлы бастаған аудан ардагерлері, өнер қайраткерлері, мемлекеттік қызметшілер, қоғамдық бірлестік өкілдері, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі Серікжан Бақытұлы секілді тұлғалар кесіп, періштелердің әрбірінің жолы ашық, қадамдары нық болсын деген игі тілектерін білдірді. Баласының тұсауы кесілген бұл күн әрбір ата-ананың жүрегінде ерекше орын алары сөзсіз, өйткені бала – болашақтың кілті, ұлттың үміті. Қазақ халқының ежелден келе жатқан «Көген түп» салтымен балаларға 50 қозы тарту ету – бұл да үлкен мәнге ие. Ол тек сыйлық қана емес, халықтың бай мәдениетінің, дәстүрінің айшықты белгісі. Қозы – өмірдің жаңа бастауы, жаңа үміт пен жаңа мүмкіндіктердің символы. Тұсауы кесілген әр балаға берілген қозы, болашақтың жарқын, өркендеген болатынын білдіреді.

Қаратал ауданында бұл шараның өтуі – мәдениетімізді ұлықтау, ұлттық дәстүрлерді жаңғырту мен өскелең ұрпаққа отансүйгіштік пен ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында маңызды қадам. Балаға көрсетілген қамқорлық, оған жасалған қолдау – елдің болашағының жарқын болатынына сенім ұялатады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

240 МЕРОПРИЯТИЙ НАУРЫЗА ПРОВЕДУТ В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

В Жетісу в честь десятидневного празднования Наурыз мейрамы запланировано провести порядка 240 различных мероприятий, которые охватят все районы и города.

В частности, в регионе высадят около 5 тысяч саженцев молодых деревьев, проведут благотворительные и экологические акции, социальные марафоны, организуют концерты, спортивные состязания, выставки, а 60 семей отпразднуют новоселье. При этом особое внимание будет уделено институту семьи, популяризации национальных культурных традиций и ценностей, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Самым насыщенным по мероприятиям днем станет 22 марта. Главные торжества пройдут в парке «Жастар» города Талдыкорган, где будет установлено свыше 20 юрт с тематическими выставками, посвященными юбилейным датам этого года, - сообщили в управлении культуры.

Фотография из архива пресс-службы акима области

3 ТЫСЯЧ СЕМЕЙ ОХВАЧЕНО БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОЙ ПОМОЩЬЮ

В рамках декады Наурызнама в области Жетісу проводится республиканская благотворительная акция «Жанашыр жүрек». На данном этапе в рамках акции и Дня благотворительности социальной помощью на общую сумму 33 млн. тенге охвачено свыше 3 тысяч семей региона, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Так, в Коксуском районе спонсоры произвели оплату на год вперед за услуги детского сада, охватив 20 детей. А в Каратальском районе помощью в виде продуктовых наборов охватили 140 жителей с особыми потребностями, многодетные и малообеспеченные семьи. В благотворительной акции приняли участие предприниматели и просто неравнодушные жители района.

В стороне не остались и волонтеры региона. Так, волонтерский фронт-офис «Мейірімді Жетісу» совместно с благотворительным фондом сегодня раздали малообеспеченным семьям 100 продуктовых корзин в Талдыкоргане и близлежащих к городу районах.

ФОРУМ К ГОДУ « РАБОЧЕЙ ПРОФЕССИИ»

В Талдыкоргане состоялся форум «Рабочие профессии: новый этап, новые возможности», собравший свыше 150 участников, включая экспертов, работодателей, представителей образовательных учреждений и молодежь. В рамках форума состоялось подписание 10 меморандумов о сотрудничестве между колледжами и ведущими предприятиями региона, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Данные меморандумы позволят студентам технических колледжей проходить практику, а выпускникам трудоустраиваться на предприятия. Среди которых аккумуляторный завод ТОО «Кайнар-АКБ», сахарный завод ТОО «Ақсу Қант», ТОО «Жаркентский крахмалопаточный завод», молочный завод ТОО «JLC Сүт», швейная фабрика «Айсұлу», областной филиал РГП «Казводхоз» и другие.

Поприветствовав от имени главы региона участников форума, заместитель акима области Марлен Кольбаев вкратце остановился на работе, направленной на привлечение молодежи к сфере рабочих профессий и подготовку востребованным в регионе профессиям. Уделив внимание планам по сотрудничеству с социальными партнерами, он выразил уверенность, что совместная работа станет результативной.

На мероприятия были награждены победители и призеры республиканского чемпионата профессионального мастерства «WorldSkills Kazakhstan 2024».

Кроме того, при поддержке акима области на базе Талдыкорганского высшего политехнического колледжа ведется работа по созданию центра «Zhetysu Skills», который станет современной площадкой для практического обучения рабочим специальностям.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

60 СЕМЕЙ СПРАВИЛИ НОВОСЕЛЬЕ В РАМКАХ «ШАҢЫРАҚ КҮНІ»

В области Жетісу в рамках празднования Наурыза в честь «ШаныраҚ күні» социально уязвимым слоям населения, детям-сиротам, многодетным семьям в Талдыкоргане вручили ключи от 60 квартир.

С праздником Наурыз и новосельем талдыкорганцев поздравил аким области Бейбит Исабаев, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В целом строительство пятиэтажного 60-ти квартирного жилого дома, возведенного на средства АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», началось в марте прошлого года. В нем по 15 одно- и двухкомнатных, а также 3- трехкомнатных квартир.

Поздравив новоселов микрорайона «Бірлік», глава региона остановился на планах по развитию города Талдыкорган, в том числе касающихся жилищного строительства и многое другое.

Фотографы: Жеңіс Ысқабай, Олжас Курмашев

В ОБЛАСТИ 336 ДЕТЯМ ОДНОВРЕМЕННО ПРОВЕЛИ ОБРЯД «ТҰСАУ КЕСУ»

В третий день празднования Наурыза, посвященный культуре и национальным традициям, в области Жетісу провели обряд перерезания пут сразу 336 детям, тем самым поставив новый рекорд, официально занесенный в Книгу рекордов Казахстана, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Мероприятие в Талдыкоргане, которое состоялось во Дворце спорта «Жастар» и по обычаю началось с благословения-бата, принял участие аким области Бейбит Исабаев. Районы и города региона подключились посредством видеосвязи, в результате одновременно обряд «тұсау кесу» был проведен 336 детям, в том числе по 30 детей – в Кербулакском, Коксуском, Каратальском, Ескельдинском, Алакольском, Сарканском районах, по 20 Аксуском районе и г.Текели, а также свыше 80 – в г.Талдыкорган.

Для проведения обряда были приглашены ветераны, деятели культуры, акыны, журналисты, врачи, педагоги, государственные служащие, общественные деятели, предприниматели и другие.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

Более 1 тысячи рабочих мест создадут для казахстанцев. Олжас Бектенов провел совещание по исполнению поручений Президента, озвученных на IV заседании Национального курултая, передаёт BaigeNews.kz. Премьер-министр подчеркнул необходимость качественной и оперативной работы по направлениям, отмеченным Главой государства в выступлении на Курултае. Министерствам и акиматам дан ряд поручений.Так, АПК Казахстан продолжит укреплять позиции в экспорте зерна и муки, наращивая мощности глубокой переработки. В ближайшие 3 года запустят 3 крупных проекта на $560 млн с созданием 1,5 тыс рабочих мест. Министерствам и акиматам дан ряд поручений по другим направлениям.

* * *

В Семее прошел суд над подростками.Судебное заседание 18 марта прошло в закрытом режиме. Суд установил, что подростки Л. и Т. встретили пострадавшего ребенка во дворе своего дома. «Л, Т, М и В отвезли пострадавшего ребенка Б в котельную и нанесли ему телесные повреждения. В это время М, В и Ш снимали происходящее на телефоны. Позже видео было размещено на общественных форумах города», — говорится в сообщении пресс-службы суда. Суд отклонил иск против трех подростков. Обоим еще нет 11 лет, и по закону их можно поместить в специальную школу только с этого возраста. .«Две девочки 13 и 16 лет направлены в спецшколу для детей с девиантным поведением. Выяснилось, что девочки распивали спиртные напитки и уходили из дома в ночное время без сопровождения взрослых. 13-летнего мальчика отправили в школу особого режима на шесть месяцев.

* * *

Сразу в трех областях Казахстана сменились председатели судов. Новых назначенцев представили коллективам Павлодарского, Мангистауского и Западно-Казахстанского областных судов, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Верховный суд. Председателем Западно-Казахстанского областного суда стал Азат Избасаров, Мангистауский областной суд возглавил Максут Текетаев, а председателем Павлодарского областного суда назначен Серик Толегенов. «Перед ними была обозначена первостепенная задача - повышение качества отправления правосудия в судах», - говорится в сообщении.

* * *

70-летняя жительница Павлодара Светлана Дягтерева оказалась в списке умерших и едва не лишилась пенсии, передает корреспондент Tengrinews.kz .Как рассказала павлодарка, о своей «смерти» она узнала, после того как увидела заблокированный счет.

«В банке сказали, что блокировка произошла автоматически на основе данных Комитета госдоходов. Это происходит, если человек умер или долго не пользуется картой. Оба варианта мы сразу исключили и отправились разбираться. В налоговой службе заявили, что ни при чем и отправили в банк, а оттуда снова направили в налоговую, где мы узнали, что мама с августа 2003 года числится умершей. Шокированные такой новостью пенсионерка с дочерью отправились в РАГС, но там записи о смерти не оказалось, впрочем, как и в ЦОНе.

«Мы просили хотя бы какую-то бумагу, подтверждающую, что мама жива, но нам ответили, что такие справки не выдают. В итоге нам просто устроили бюрократический квест», - говорит Романова. Когда пенсионерку вернут в списки живых, пока неизвестно. Казахстанка не смогла выплатить кредит из-за того, что ее «похоронили».

* * *

Буквально 13 марта вступил в силу большой пакет поправок в Кодекс об административных правонарушениях. До этого времени за нарушения в сфере прав потребителей у нас было предупреждение. Это являлось официальной санкцией согласно КоАП. Теперь за нарушение прав потребителей будет взыскиваться штраф. Там есть градация: на субъекты малого бизнеса будет 15 МРП (58 980 тенге в 2025 году) штраф, на средний бизнес - 20 МРП (78 640 тенге в 2025 году), на крупный - 25 МРП (98 300 тенге в 2025 году). Поэтому, как вы видите, это уже является существенным усилением.,

По данным Комитета по защите прав потребителей, 2024 году в Минторговли поступило 62,5 тысячи разных жалоб от казахстанцев, за два месяца этого года количество жалоб уже перевалило за 10 тысяч. Большинство претензий казахстанцев адресовано сферам туризма, ЖКХ, здравоохранения и торговли.

* * *

В Таскалинском районе Западно-Казахстанской области местные жители сообщили об очередном падении беспилотника, передает Tengrinews.kz со ссылкой на «Уральскую неделю». Это уже второй случай, когда беспилотный аппарат пересекает границу на территории ЗКО.

«На этот раз на нашу территорию залетел беспилотник серьезнее с виду - трехметровый», - пишет издание. На место падения беспилотника выехали из Уральска саперы. «Длина объекта - 300 сантиметров. Характерные особенности конструкции и оборудования указывают на российский беспилотник» Орлан-10».В полиции региона до сих пор не дали никакой конкретной информации о случившемся.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы, басы 1-бетте)

Сондай-ақ бүгін Бекзат Алтынбеков, одан бұрын Бақтықожа Ізмұхамбетов пен Светқали Нұржан қоғамдық әдеп мәселесін қозғады. Бұл өте орынды деп ойлаймын. Қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейіп кетті. Жалған мәлімет таратушылар да бар. Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жолын қарастыру керек.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи еліміздегі діни ахуалға алаңдаушылық білдіріп жүр. Құрылтай мүшелері Дания Қыдырбаева және Олжас Сүлеймен жат діни ағымдардың жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын айтты. Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ.

Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды.

Құрылтай мүшелері тағы бір жайтқа алаңдаушылық білдіріп отыр.

Соңғы кезде ел ішінде түрлі алаяқтық әрекеттер жиілеп барады. Теріс пиғылды адамдар қайырымдылыққа деп ақша жинап, оны жеке басының пайдасына жаратады. Сондай-ақ көп адам интернет-алаяқтардан зардап шегуде. Бұл мәселе бойынша бүгін Айгүл Орынбек жақсы айтты. Бұдан бөлек, қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр. Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс.

Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар. Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни, негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс.

Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа. Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды.

Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде. Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн.

Сондай-ақ жақсы мысалдар да бар.Жақында «Шоқан. Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады. Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дұрыс бағытта дамыту мәселесін қолға алу керек.

Тағы бір маңызды мәселе. Маған белгілі адвокат Айман Омарова хат жолдады. Ол өз хатында күрделі тақырыпты қозғап, әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталды. Әсіресе, жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударды. Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы керек деген пікірмен келісемін.

Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек.

Дмитрий Павленко дұрыс мәселе көтерді. Кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс. Сарапшылардың айтуынша, біраз жылдан соң солтүстіктегі халықтың саны едәуір азайып, оңтүстіктегі тұрғындар әлдеқайда көбеюі мүмкін. Бұл – өте өзекті мәселе. Себебі аймақтардың еңбек нарығында теңсіздік одан әрі ушыға түседі деген сөз. Осы мәселемен Үкімет мұқият айналысуы керек.

Құрметті Ұлттық құрылтай мүшелері!

Өздеріңізге мәлім, елімізде түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлар бар. Биыл осындай бірқатар құжаттың мерзімі аяқталады. Әрине, оның кейбірі жалғасады, кейбірі мүлдем тоқтатылады. Үкімет мұқият ойластырып, нақты шешім қабылдауы керек. Мысалы, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспардың мерзімі биыл бітеді. Бұл құжат 2023 жылы әзірленген. Мұндай

Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей. Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын.

жоспар елімізге қажет екені анық. Өйткені осы қауіпті кеселге қарсы күрес – өте маңызды мәселенің бірі. Сондықтан жаңа құжатты дайындауға қазірден бастап кірісу керек.

Биыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де аяқталады. Біз әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдадық. Өткен жылы барлық аймақта балаларды Психологиялық қолдау орталықтары ашылды.

Заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтыруда. Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың

Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін.

алдын-алу жұмысынан шет қалып отыр. Оның үстіне, осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Шашыраңқы болып тұр. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн.Оны дайындау үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкиева, қоғам қайраткерлері өз үлесін қосады деп ойлаймын.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды.

Құрылтай мүшелері Зүлфия Байсақова мен Бану Нұрғазиева мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың критерийлерін қайта қарау және үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін айтты.Азаматтық сектор реформаларды жүргізу және қоғамды дамыту ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке заң керек.Әрине, заң жобасы терең және жан-жақты сараптамадан өтуге тиіс.

Біз соңғы жылдары мемлекеттік наградалар мәселесін қайта қарап, бір жүйеге түсірдік. Енді ведомстволық марапаттарды ретке келтіру қажет. Мемлекеттік органдар бұл жұмысты назардан тыс қалдырды. Нақты ереже жоқ, бәріне ортақ мәліметтер қоры да жоқ.

Соның кесірінен кейбір марапаттар орынсыз таратылып жатыр. Тіпті, бір мемлекеттік органның төсбелгісін бір адам бірнеше рет алған жайттар да кездеседі.

Мекемелік марапат – нағыз білікті мамандарға ғана берілетін, сол арқылы кәсіби мәртебені көтеретін маңызды награда. Бұған бей-жай қарауға болмайды. Сондықтан мекемелік марапаттардың бірыңғай стандартын және тізімін жасау қажет. Әрине, әр мекеменің өз ерекшелігін ескерген жөн. Бірақ бәріне ортақ ұстаным болуы керек. Құзырлы органдарға осы шаруаны қолға алуды тапсырамын.

Менің бастамаммен ономастика саласын ретке келтіру үшін ауқымды жұмыс басталды. Көшелер мен елді-мекендерге атау беру немесе атауларды өзгерту мәселесіне келгенде жергілікті атқарушы органдар көп қателік жіберген, бұл ретте тіпті, жерлестік пен тамыртаныстыққа жол берілген. Сондықтан бұл істі орталықтандыру туралы шешім қабылданды. Депутаттар бұл ұсынысқа қолдау білдірді. Соның нәтижесінде бізде ономастика саласындағы жұмыстың бірыңғай әрі нақты регламенті бар. Алайда тиісті рәсімдерді өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге, бұл жұмыспен тиянақты айналысу керек. Тарихи әділдік қағидатын қатаң ұстану қажет. Жалпы, бұл жұмысты ретке келтіру керек.

Өткен заман қайраткерлерінің атын ел жадында сақтау мәселесіне мейлінше салмақты көзқараспен қараған жөн. Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет. Бірақ ауыл-аймақтардың тарихи тұрғыдан ескірген атауларын өзгерту мәселесіне мұқият қараған жөн. Бұл жерде ешқандай науқаншылдық болмауы керек. Халық арасында жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізіп, тұрғындардың пікірін ескеру маңызды.

Қазір елді мекендердің аумағы ұлғайып жатыр, қалаларда жаңа аудандар бой көтеруде. Осыған байланысты атауы қайталанатын немесе мүлдем атауы жоқ мыңдаған көше пайда болды.Бұл жағдай өрт сөндірушілерге, тәртіп сақшыларына, жедел жәрдем мен басқа да құрылымдарға қиындық туғызады. Ең алдымен осындай

Ел тарихында айрықша рөл атқарған әйгілі бабаларымыздың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге берілген. Енді осымен тоқтайық. Біз әдемі жер-су атауларын және халық ішінде кең таралған дәстүрлі атауларды толық пайдаланбай жүрміз.

көшелердің атауын ретке келтіру қажет.

Жекеменшік нысандарға атау бергенде де жүгенсіздік болмауы керек.Кейде қала көшелерінде айтуға ыңғайсыз атауы бар тақтайшалар ілулі тұрады.Креатив деген, әрине, жақсы, бірақ қоғамдық тәртіп және әдеп нормаларын сақтау керек. Сондықтан кәсіпкерлердің де ономастика мәселесіне жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Қазір депутаттар ономастика комиссиясының келісімімен ғана жеке нысанды адам атымен атауға рұқсат беретін түзетулерді қарап жатыр. Бұл – дұрыс шешім. Сондықтан ішкі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін.

Ұлттық құрылтай мүшелері – Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар осындай ұсыныс айтты.Олар өз бастамасын іске асырып, Ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын да әзірледі.

Құрметті отандастар!

Әлемдегі ауқымды өзгерістерге баршамыз куә болып, тіпті, оған өзіміз де қатысып жатырмыз. Бұл үрдістің жалғаса берері сөзсіз. Беделді саясаткерлер мен сарапшылар «дүние жүзі жаппай берекесіздік жайлаған немесе болашағы бұлыңғыр жаңа заманның қарсаңында тұр» деген пікір білдіре бастады. Басқаша айтқанда, әлемдегі ескі тәртіп күйреп жатыр, ал жаңа дәуірдің сұлбасы әлі нақты айқындалған жоқ.

«Даму мен демократия», «адам құқықтары», «баспасөз бостандығы», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деп ұрандатып жүргендердің бәрінің дерлік жеке байлығы жалақысының мөлшеріне еш сай келмейді.

Біз тарих, дәстүр және қазіргі заман құндылықтарын әрдайым бірдей ұстанып келеміз. Жұртты саяси прагматизмге шақырып, қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру маңызды екенін бұрыннан айтып жүрміз. Қазір әлемде болып жатқан оқиғалар біздің бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті. Әрине, шетелдегі жағдайды үнемі ескеріп отыру маңызды. Бірақ біз алдымен өз еліміздің ішкі мәселелеріне ден қоюымыз керек.

Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төндіре беруге болмайды.Қоғам санасындағы осындай құбылыстар ұлтымызды идеологиялық және мәдени тұрғыдан әлсіретеді. Тіпті, еліміз қазіргі қатігез әлемде өзгелерге жем болуы мүмкін. Бір сөзбен айтсақ, біздің ұлттық ой-санамыз мықты болуы керек.

Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда бәсекеге барынша қабілетті болу үшін барлық жағынан кемел ұлт болуымыз қажет. Бұл – өркениетті, икемді, мақсатшыл жұрт болу деген сөз. Біз үшін ешкім елімізді дамытып, көркейтіп бермейді. Қазақстан өз азаматтарымызға, яғни бізге ғана керек. Біз өз мүмкіндігіміз бен күш-қуатымызға арқа сүйеуіміз қажет. Сондықтан ұлт ретінде алға басуға не кедергі болса, соның бәрінен арылып, сапалы ұлт болуға тиіспіз. Елімізді жаһанға жайылып келе жатқан өзгерістерге дайындап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтеп бере алатын қуатты мемлекет етуіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі басты миссиям. Бұл – тұтас ұлтымызға ортақ маңызды міндет.

2019 жылдан бері Қазақстан экономикасының нақты өсімі 15,5 пайыз болды. Еліміздің ішкі жалпы өнімі 288 миллиард долларға жетті, ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 46 пайызға дейін артып, 14 мың доллардан асты. Сыртқы сауда айналымы 45 пайызға жуық өсіп, 140 миллиард доллар болды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция бір жарым есеге ұлғайды. Былтыр оның көлемі 19 триллион теңгеден асты.

Инвестиция білім-ғылым саласына 5 еседен астам, көлік саласына 3 есеге жуық, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына 3,5 есе көп салынды. Осы уақытта 500-ден астам мектеп бой көтерді. Көптеген денсаулық сақтау, спорт және басқа да әлеуметтік нысандар ашылды. 4400 шақырымға жуық автокөлік жолдары салынды және жөнделді. Жаңа темір жол желілері пайдалануға берілді. Ондаған өндіріс орны іске қосылды. Мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдауды барынша күшейтті. Былтыр күзде 27 миллион тонна астық жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Кәсіпкерлікті дамытуға әрдайым баса

Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпе-реніштерден, өткенге құр мақтанудан және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойған жөн. Өйткені бұл дүние ақ пен қарадан ғана тұрмайды.

назар аударылады.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір өсіп, былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Бұл да – бұрын-соңды болмаған жетістік 2019 жылдан бері елімізде 250-ден астам жатақхана салынды. Соның нәтижесінде орын тапшылығы 6 есе қысқарды.

Студенттер саны ұдайы көбейіп, жоғары оқу орындарында 624 мың азамат білім алып жатқанына қарамастан, осыған қол жеткізе алдық. Бұл – жоғары көрсеткіш. Еліміздің 90 мыңнан астам азаматы шетелде оқиды. Бұл біздің қоғамның ашықтығын көрсетеді.Азаматтарымыз демалу үшін шетелге жиі шығатын болды. Біздің көк төлқұжатымыз әлемдегі 92 мемлекеттің аумағына визасыз еміне-ркін кіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан – халықаралық аренада зор құрметке ие мемлекет, біздің елімізді «орта держава» деп атайтын болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығын ашу туралы қарар қабылдады. Осы шешім еліміздің әлемдегі ықпалы мен беделі зор екенін аңғартады. Бұл деректер бәріміз бір ел болып атқарған жұмыстың бір парасын ғана көрсетеді.

Қазір геосаяси ахуал ушығып тұр. Мұндай кезде ел бірлігін, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты көздің

Меніңше, Қазақстанның кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар. Атап айтқанда, цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені салаларында елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақтық, тіпті, жаһандық ауқымда ықпалымызды жүргізе аламыз. Бұл қатарға адам капиталын да қосуға болады.

қарашығындай сақтауымыз керек. Бұл – тұрақты дамуға қажетті ең басты шарт. Еліміз терең әрі жан-жақты реформаларға енді ғана кірісті. Алдымызда күрделі жол тұр. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек. Алдағы бірнеше он жылдыққа көз тігіп, ауқымды шаруаларды кезеңкезеңімен атқаруымыз қажет.

Цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады. Біз қазірдің өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына кіріп тұрмыз. Бірақ мұнымен шектеліп қалуға еш болмайды. Қазақстанға келген шетелдіктерді мұндағы электрондық жүйенің айтарлықтай дамуы таңғалдырады.

Цифрландыру ісін табысты жүргізу және жасанды интеллектіні жаппай енгізу еліміздің энергетикалық әлеуетіне тікелей байланысты. Әлемнің цифрландыру ісіне және жасанды интеллектіге негізделген жаңа технологиялық қалыпқа көшуі энергияны көп қажет ететін үдеріс екенін түсіну керек. Мұндай жағдайда аймақтағы және дүние жүзіндегі энергия тапшылығы үздіксіз арта береді. Сондықтан Қазақстан өзін электр қуатымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, оны әлемдік энергетика нарығына да экспорттайтын ірі елге айналуы керек. Бұл – уақыт талабы.

Мен, дәл сол себепті, Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толыққанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін.Осы міндеттің айрықша маңызды екенін ескеріп, мен Президент жанындағы Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешім қабылдадым.

Біз газ бен көмір өндіру ісіндегі мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ жаңартылатын қуат көздерінің әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Бұған кешенді көзқарас қажет.

Адамға салынған инвестиция – мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы. Мен «Біздің басты күшіміз – адам және оның жасампаздық әлеуеті» деп үнемі айтып келемін. Өйткені білімді, еңбекқор әрі мақсатшыл азаматтар елімізді табысқа жеткізеді.

Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт. Дүниежүзілік сауда-саттыққа тікелей байланысты болғандықтан оған барлық әлемдік державалар көңіл бөледі. Қазір халықаралық қатынас көлік-логистикалық бағыттар мен мүмкіндіктерді дамытуға ден қояды. Бұл іспен айналысуға біздің географиялық орналасуымыз ықпал етіп отыр. Қазақстанды Еуразияның көлік-логистикалық хабына айналдыруға көп күш жұмсауымыз қажет. Бұл міндеттің де стратегиялық сипаты басым.

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор екені белгілі. Енді соны тиімді пайдаланатын кез келді. Еліміздің әуелгі мүмкіндіктеріне қарасақ, біз әлдеқашан әлемдегі алпауыт аграрлық мемлекеттің бірі болуға тиіс едік. Бірақ ауыл шаруашылығына қажетті қаржы салынған жоқ. Оған қоса бұл салада жемқорлықпен айналысатын алаяқтар белең алды. Олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер де болды. Жалған мәліметтердің кесірінен мемлекет қағаз жүзіндегі мал санына жылдар бойы субсидия төледі. Қазір қордаланған мәселенің бәрін шешіп, агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеру үшін көп жұмыс жасалып жатыр. Біз алдағы бес жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімін екі есе көбейтіп, осы саладағы еңбек өнімділігін үш есе арттыруымыз керек. Бұл – өте маңызды міндет. Қазақстан 10 жыл ішінде бидайды терең өңдеп, дайын өнім өндіретін және оны әлемдік нарыққа шығаратын ең үздік он елдің қатарына қосылуға тиіс.

Қазақстанда азаматтарға дүниеге келгеннен бастап өмір бойы жәрдем беретін тиімді мемлекеттік қолдау жүйесі бар. «Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары, тегін орта білім, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға бөлінетін өте көп гранттар – мұның бәрі өскелең ұрпақтың қадамы нық болуына септігін тигізетін сан алуан шараның бір бөлігі ғана.

Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуді жалғастыра береміз. Азаматтардың өзін жан-жақты дамытуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Себебі қазіргі заманда жекелеген адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші саналады.

Мен жоғарыда атап өткен басымдықтар, яғни ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік транзиті мен энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталы Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлар болатыны анық. Тағы да қайталап айтамын: қазір адамзат жаңа дәуірдің сипаты айқындалатын тарихи жолайрықта тұр. Алға қарай қарыштап дамуға Қазақстанның мүмкіндігі жетеді.

Қазір жер шарының тұрғындары қартайып бара жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанды жас әрі білімді азаматтардың елі деп айтуға болады. Біз еліміздің әлеуетін нығайта түсуіміз керек, яғни азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын және ең бастысы, мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз қажет. Сондықтан білім мен инновацияға негізделген дамыған әрі жоғары технологиялық экономика құруға тиіспіз.

Мұның бәрі азаматтар үшін жасалады. Себебі адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық. Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады. Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз. Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз. Заң мен тәртіп – біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп.Ал біздің идеологиямыз – қарапайым әрі түсінікті. Бұл – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау деген сөз. Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Сіздер Ұлттық құрылтай аясында көптеген бастама көтеріп, игі істерге ұйытқы болып жүрсіздер. Отаншыл азаматтардың арқасында еліміз тұрақты дамып келеді. Баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгін өзекті мәселелер талқыға түсті, біз бұл мәселелер бойынша тиісті шешімдерді қабылдадық. Алдағы уақытта да осылай берекебірлікте болып, еліміздің болашағы үшін маңызды жұмыстарды бірге атқара береміз деп сенемін! Ораза қабыл болсын! Баршаңызға амандық тілеймін!

(АҚОРДА)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қала қонақтары!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Көктің тыныс-сын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп білген.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт – береке әкелсін! Ырыстың бастауы болған бұл мейрамды Талдықорғандықтар лайықты табыстармен қарсы алып, алдағы күнге зор үміт пен сенімдерін артып отыр. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ернат БӘЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

Наурыз - ізгіліктің, қамқорлық пен мейірім мерекесі

Әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі Наурыз екені баршаға аян. Деректерге сүйенетін болсақ, қазақ ұлысы болып қалыптасқалы Наурыз тойы ешбір қазақ хандығында елеусіз қалған емес көрінеді. Қайта қазақ ұлтының ең ұлы мерекесінің бірі болып тойланып келген. Бұл туралы көптеген деректерді келтіруге болады. Жалпы «Самарқанның көк тасы еріген күн» - қазақ даласы үшін құт-берекенің басы. Ол – қамқорлықтың, мейірімнің айы болған. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Әз Наурыз», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған, оны қаһарлы қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі ретінде атап өткен.

Наурыз күнінің тағы бір басты ерекшелігі - сол күні бір - біріне жолыққан адамдар ерекше жылы жүзбен сәлем береді, тәс қағыстырып амандасады. Бір-біріне жаңа жыл тілегін білдіріседі. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім - кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпенділіктен арылу мерекесі ретінде атап өтілген, адамдарды басқалардың күнәлары мен жамандықтарын кешіруге шақырған.

Сондай-ақ, бұл күні шығыс елдері екі арадағы кез-келген соғысты тоқтатқан. Ал қазақ ақсақалдары мерекеде араздасқан ру-тайпалармен татуласатын болған. Ренжісіп қалған азаматтар бір-бірінен кешірім сұрап, татуласатын болған. Сайып келгенде, татулықты тиянақтайтын төл мереке болған.

Мына бір жайға да назар сала кетсек. Наурыздың мән - мазмұнына қарап отырсақ, бүгінгі таңдағы біздің сот жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған дауласушы тараптарды бітімгершілік жолмен татуластыру мақсатында қолданылып жүрген медиация тәсіліне үйлеседі. Жалпы ата - бабаларымыз ежелден ушыққан дауды бір ауыз сөзбен шешіп, халықтың бірлігін сақтап келген ғой.

Сондықтан орайы келгенде Наурыз мейрамының мән-мазмұны арқылы оқырмандарға ой сала отырып, болмашы нәрсеге бола дауды ушықтырып, соттың табалдырығын тоздырып, әуре сарсаңға түскенше, алдын ала мәмілеге келіп, сотқа дейінгі бітімгершілік жолымен шешсеңіздер екі тарапқа да тиімді екенін естеріңізге саламыз. Сол кезде ешкіммен жаға жыртыспай, әуре сарсаңға түспей, арақатынастарыңызды бұзбай даудың түйінін байсалдылықпен шешуге әбден болады.

Қуанышбек ҚАНАФИН,
Талдықорған құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтайды!

Қазақстандықтар үшін Наурыз – айрықша мейрам. Бұл күн қыстың сәті аяқталып, барша еліміз жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді. Дәстүрлі мерекеміз - жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Күн мен түн теңеліп, жер беті қайта жаңаратын кез баршамызға қуаныш сыйлап, жүзімізден күлкі кетпесін. Тіршілікті жаңартқан көктем мерекесі жанымызды жадыратып, елімізді өркендетуге жаңа серпін, күш жігер сыйлайды деген ниеттеміз.

Осынау шуақты мейрамда әрбір отбасына тыныштық, татулық, береке-бірлік, бақыт тілеймін. Еліміз аман, бауырымыз бүтін болсын.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Зайда ІЛІМЖАНОВА,
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы

Құрметті әріптестер, қадірлі ата-аналар және оқушылар!

Сіздерді табиғат пен жаңарудың, береке мен бірліктің мейрамы – Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – ата-бабамыздан мирас болып қалған ізгі дәстүрлердің жалғасы, ынтымақ пен татулықтың, жасампаздық пен жақсылықтың символы. Бұл күн адамдардың бір-біріне деген сыйластығы мен құрметін арттырып, жаңа бастамаларға жол ашады.

Білім беру саласы үшін де бұл мереке ерекше мәнге ие. Өйткені жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрімізді бойларына сіңіру – біз үшін басты міндет. Бүгінде облысымыздың барлық білім беру ұйымдарында Наурызға арналған мерекелік шаралар өтіп, балалар халқымыздың бай мұрасымен танысуда.

Наурыз – жаңа күннің, жаңа жылдың бастауы. Осы көктем айы барша-ңызға жақсылық, молшылық пен сәттілік әкелсін! Еліміз аман, халқымыз берекелі болсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ә.СОЛТАНБЕКОВ,
Жетісу облысы білім басқармасы басшысының м.а.

НАУРЫЗНАМА

14 наурыз	КӨРІСУ КҮНІ
15 наурыз	ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ КҮНІ
16 наурыз	ШАҢЫРАҚ КҮНІ
17 наурыз	МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ
18 наурыз	ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ
19 наурыз	ЖАҢАРУ КҮНІ
20 наурыз	ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ
21 наурыз	ЫНТЫМАҚ КҮНІ
22 наурыз	ЖЫЛ БАСЫ
23 наурыз	ТАЗАРУ КҮНІ

Наурыз

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА НАУРЫЗДЫ МЕРЕКЕЛЕУ АЯСЫНДА 240-ҚА ЖУЫҚ ІС-ШАРА ӨТКІЗІЛЕДІ

ЖЕТІСУДА НАУРЫЗНАМА ОН КҮНДІГІН МЕРЕКЕЛЕУ АЯСЫНДА ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ 240-ҚА ЖУЫҚ ТҮРЛІ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ ЖОСПАРЛАНҒАН. АТАП АЙТҚАНДА, ӨҢІРДЕ 5 МЫҢҒА ЖУЫҚ АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯЛАР, ӘЛЕУМЕТТІК МАРАФОНДАР ӨТКІЗІЛЕДІ, КОНЦЕРТТЕР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР, КӨРМЕЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ, СОЛ СИЯҚТЫ 60 ОТБАСЫНА ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ КІЛТІ БЕРІЛЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН, ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНБЕК.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәліметінше, Наурызнаманың жалпыұлттық онкүндігі аясында өңірдегі Наурыз мерекесі бүкіл елдегідей 14 наурызда «Көрісу – Амал мерекесімен» басталып, 23 наурыз «Тазару күнінде» ауқымды экологиялық акциямен түйінделеді.

«Жалпы өңірде биыл түрлі бағыттағы 234 іс-шара өткізіледі. Мысалы, Мәдениет және ұлттық дәстүр күні аясында Жетісу облысында алғаш рет бір мезгілде 300 баланың «тұсауын кесу» рәсімі атқарылады. «Шаңырақ» күнінде облыс орталығында 60 отбасы жаңа баспанаға ие болады. «Ұлттық киім күні» Талдықорғанның орталық алаңында ұлттық киімдер шеруі, сондай-ақ М.Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайында «Кимешек» көрмесі ұйымдастырылады. Оған қоса жалпы облыс бойынша ұлттық киімді және оның пайда болу тарихын насихаттауға бағытталған түрлі челлендждер, кездесулер өткізіледі. «Ынтымақ күні» мерекесі «Наурыз керуені» ауқымды шеруімен айшықталады. Наурыз мерекесінің кең көлемде, жаппай бұқаралық сипатта атап өтілетін күні - 22 наурыз. Бұл басты мереке Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында мерекеленіп, биылғы жылдың мерейтойлық даталарына арналған тақырыптық көрмелер қойылған 20-дан астам киіз үй тігіледі», - делінген басқарманың хабарламасында.

Жалпы Наурыздың құрметіне мерекелік безендіруге ерекше көңіл бөлінбек. Мәселен, Талдықорған қаласының орталық алаңында «Алтыбақан» әткеншегі, киіз үй кейпінде ауқымды инсталляция орнатылады, сондай-ақ жарық шамдарымен безендіру жаңартылады. Жалпы Талдықорған қаласы, аудан орталықтары, өңірдің қалалары мен ауылдары Наурызды, көктем мезгілін бейнелейтін түрлі шағын сәулет нысандарымен, сондай-ақ мерекелік баннерлермен, жалаушалармен безендіріледі. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары аясында биыл өңірде 120 мың көшет, оның ішінде Наурыз мерекесі күндері 5 мың көшет отырғызу жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚША ЖЫЛ САНАУ БІЛЕСІЗ БЕ?

БІЗ ЗАМАНАУИ ТІРЛІГІМІЗДЕ ГРЕГОРИЯН КҮНТІЗБЕСІМЕН ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАНЫМЫЗБЕН, ҚАЗАҚТЫҢ ЕРТЕДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨЗ КҮНТІЗБЕСІ БАР ЕКЕНІН ЕСКЕРУІМІЗ КЕРЕК. ОЛ ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІНДЕГІ КҮН РАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПТЕЙ КЕЛЕ ЖАСАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ӘР ЖЫЛДЫҢ ӨЗ АТАУЫ СОЛ ЖАН-ЖАНУАР ЕРЕКШЕЛІГІМЕН ДЕ ЕСКЕРІЛГЕНІН БАЙҚАЙМЫЗ.

Шығыс әлемінде, оның ішінде қазақта жыл санау 12 жылды құрайды. Қазақша жыл қайыру кестесі бойынша жылдар бірінен соң бірі: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жүреді. Жыл басы қазақтарда тышқаннан және Наурыз айының 22-сінен басталады. 12 і жыл бір айналғанда мүшел жасты құрайды.

Алайда, адамның алғашқы мүшелі - 13 жас болып есептеледі, себебі қазақтарда нәрестенің ана құрсағында жатқан 9 айы 1 жыл болып есептеледі де 12 жасқа бір жапс қосылып, алғашқы мүшел 13 жаста басталатыны содан. 13 жастан кейін 12 жыл қосылып келесі мүшел жасқа кіреді. Бұл балалық шақтан ересек шаққа дейінгі кезең. Одан кейінгі мүшел жасы әр 12 жыл қайталанған сайын есептеліп отырады: 2 мүшел 25 жас - жігіттік шақ - 25 кіреді, 26 шығады; 3 мүшел 37 жас - ақыл тоқтату, 37 кіреді, 38 шығады; 4 мүшел – 49 жас, орта жас, 49 кіреді 50 шығады; 5 мүшел – 61 жас, орта жас, 61 кіреді, 62 шығады; 6 мүшел - 73 жас – қарттық, 73 кіреді, 74 шығады; 7 мүшел – 85 жас, кәрілік, 85 кіреді, 86 шығады; 8 мүшел – 97 жас, қалжырау, 97 кіреді, 98 шығады; 9 мүшел - 109 жас, шөпшек сүю, 109 кіреді, 110 шығады; 10 мүшел – 121 жас, немене сүю, 121 кіреді 122 шығады. Қазақ мүшел жасты «қатерлі жас», «қауіпті кезең» деп есептеген. Ол да табиғаттың ерекшелігімен есептелген шығар...

Осы орайда жыл аттарының атын оқырмандарымыздың есіне сала кетейік: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.

Ай аттары: наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Әр жылдың наурыз айының 22 жұлдызы – қазақтар үшін жаңа жыл, жыл басы.

Осы кестені пайдаланып, қазақтар өзінің қай жылы туылғанын есептеген. Сонымен, мүшелдік жыл санау тышқаннан басталады. Әр жылдың атауына байланысты өз ерекшелігі болады. Соған қарап, ежелден қазақ халқы ауа райына қатысты құбылыстарды бақылап, қай жылда, қайсы айда, тіпті қай күндері ауа райы қандай болатынын анықтап отырған. Кейбір адамдар өткен мезгілдердегі өзгерістерді салыстыра есептей отырып, алдағы уақыттағы ауа райын болжай алған. Оларды «есепшілер» деп атаған. Ал кейбіреулер шоқжұлдыздарға қарап та күннің қашан жауатынын, желдің қайдан шығатынын, қысқасы, жылдың әр мезгіліндегі ауа райын алдын ала болжап отырып, дәл айтқан.

Жыл санауды әжеміз өте жақсы білетін. Ол кездегі әжеміздің айтуынша қазақтар «жыл санау» демейді, «жыл қайтару» дейді екен. Бір қызығы, бір жылда туған балалардың туған жылының атын ол кісі әртүрлі атайтын. Мысалы, 1949 жылы ақпанда туған баласын Сиыр жылы дүниеге келген десе, 1949 жылдың 16 қарашасында дүниеге келген келінінің жылын Барыс жылы туған деп есептейтін. Сөйтсек, әжеміз жыл басын Наурыз деп есептейді екен. Ал біз үшін жыл басы қаңтар айы десек, ол дұрыс емес дейтін. Сөйтіп бір-бірімізді түсінбей әлек болатынбыз. Кейіннен Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан соң Наурыз кеңінен тойлана бастаған кезде ғана біз әжеміздің жыл санауын түсініп, қабылдадық. Жеңгеміз бұрын «күйеуіммен түйдей құрдаспын» дейтін болса, енді «мен күйеуімнен бақандай 1 жас кішімін!» - деп «жасаратын» болды...

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЫЛ АТТАРЫ

Қазақта 12 деген сан қасиеті бар сан сияқты. Адамның туған тегін көрсететтін аталар руы 12 санымен білінеді. Мысалы, рулардың аталарының көбісі 12 ата болып келеді, 12 ай, жыл қайырудағы жануар санының 12 болуы...соған сәйкес 12 жылдың атауы... Қай жылдың қандай екенін санап білуде қазақтың табиғат пен төңіректі қоршаған әлемнің сырын терең білгендігі деуге болады.Сондықтан да болар біздің жаңа жылымыз табиғаттың ояну мезгілі Наурызбен басталатыны. Әр жылдың өз аты болатыны.

Тышқан жылы. Тышқан жылын жұрт молшылық пен берекенің, бейбітшілік пен тыныштық жылы деп санаған. Шынында да мыңдаған жылдар тарихында тышқан жылында қиыншылық, жаугершілік, аштық сирек байқалған.

Сиыр жылы. Халық есінде көбінесе ауыртпалық, дау-жанжал, қиындықтарымен есте қалған. Ырымшыл халқымыз бұл жылы сәтсіздік бола қалса, «биыл ауыр жыл ғой» дей салады. Сиыр жылы туған адамдар халық әдеті мен ырымдары негізінде сиырды бауыздамайды.

Барыс жылы. Ауыртпалығы да, жақсылығы да аралас жыл деп саналады. Еліміздің тарихында бұл жылға қатысты айтылатын елеулі оқиғалар есте қалмаған. Осындай себеппен барысты халық жайсыз жыл қатарына қоспайды.

Қоян жылы. Жыл – қазақтың шаруашылық тарихында жұт, аштық, ауыртпалық, бейнет жылы деп, оған үрке қараған. Тарихқа үңілсек, 1867-68 жылы жалпақ қоян жұты, 1879-80 жылы үлкен қоян жұты, 1891-92 жылы кіші қоян жұты, 1915-16 жылы тақыр қоян жұты болып, бүкіл қазақ даласында мал қырылып, ел жүдеушілікке, аштыққа, жоқшылыққа ұшыраған. Тарихтан белгілі қазақ еліне «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманын әкелген 1723 жыл да – қоян жылы болатын.

Ұлу жылы. Ол туралы әр түрлі жорамалдар да көп. Түркі жұртшылығы, оның ішінде қазақтар да, ұлу жылы астық, шөп мол болады деп жорамалдаған. Ұлуды суда өсетін жәндік деп білген. Соған қарағанда бұл – халық үшін жайлы, жұмсақ жылдар қатарынан орын алса керек.

Жылан жылы. Қазақ аңыз әңгімелерінде «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қоян жылы тоғыс болды» деген қағидаға айналған қанатты сөздер бар. Мұны тарихи деректер де растайды. «Ұлы Абай айтқандай, Шыңғысхан шабуылы 1221 жылан жылы Отырарды алып, 1222, 1223 жылқы мен қой жылдары Азияны жаулаған» (І. Кеңесбаев). 1928-29 жылы Қазақстанда кәмпеске зобалаңы болды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы да осы – жылан жылы басталған.

Жылқы жылы. Халықтың арғы-бергі аңыздары мен ертегі әңгімелерінде жылқы жылы туралы жайсыз әңгіме жоқ. Ырымда бұл жылы туғандар жылқы бауыздамайды.

Қой жылы. Халық бұл жылды жақсы жыл деп сеніп, оны күтіп отырады. Қазақ бұл жылды қой мінезіне де ұқсатады. Қой жылдары көбіне жайлы болып, халық береке мен молшылыққа кенеліп отырған.

Мешін жылы. Мешіннің қандай мақұлық екені әлі анық емес. Қазір оны маймыл деп жүр. Аңызда ол маймыл емес, азып кеткен адам делінеді. Ал жыл қандай болады дегенге келгенде, қазақтар бұл жылды сәтсіз, бүліншілік, жайсыз оқиғалар көп болады деп айтып, қорқып отырады. 1920 жылы қазақ даласында мал қырылып, ол «тас мешін» деп аталды. 1931-32 жылғы алапат аштық осы жылы болды.

Тауық жылы. Бұл жыл да – халық есінде қиын, ауыр жыл деп аталып қалған. Бұрынғы үлкендердің айтуынша, тауық жылы қауіп-қатер жиі болып тұрған, халық бейнетті көп кешкен. 1920-21, 1932-33 жылдары жұт, аштық болғаны көпке белгілі.

Ит жылы. Бұл жыл халық үшін жайсыз жыл емес сияқты. Мешін, тауықтан кейінгі ауыртпалық ит жылы біршама жеңілдей түскен. Айталық, 1933 жылы аштық тыйылды, 1945 жылы соғыс аяқталды.

Доңыз жылы. Жыл санаудың және жыл қайырудың соңғы жылы. Кейбір түркі елдері, сондай-ақ Қазақстанның кейбір өңірі, мұны қара киік жылы деп те айта береді. Қазақ доңыз деп кәдімгі шошқаны айтады. Оның жыл атауына кіруінің өзі – жыл санаудың исламнан да бұрын енгенінің толық дәлелі болса керек. Доңыз тарихта халыққа жайлы, тыныштық жылы болып келген. 1729 жылғы қазақ-жоңғар соғысындағы айтулы қазақ жеңісі – доңызға саяды.

Қорыта келгенде біздің білуіміз керек дүние қазақша жыл қайтару өте ежелгі кезден басталған және ешқандай діни қағидамен байланысты емес екеніне көзіміз жететін уақыт болды. Шамасы, табиғат құбылыстарының қайталама заңдылығына негізделген болу керек. 12 жылдық қайталама негізінде мүшелмен жыл есебін жүргізуді, адам ағзасының, жасының табиғат заңымен мүшел өткен сайын өзгеретінін , әр мүшелдің өз атымен аталатынан қазақ халқы сияқты ешкім зерделемеген сияқты. Қарап отырсаңыз, қазақтың қай теңеуі болмасын, қай атауы болмасын қисынын қиыстырып, ретімен дәлелденген дүние. Тіпті жыл басы Наурыз болуы да табиғатқа үндесіп тұрған қисын. Олай болса Наурыз 2025 құтты болсын, оқырман демекпіз!

Баян ТАҢАТАРОВА

Тышқан	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008	2020	2032
Сиыр	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009	2021	2033
Барыс	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010	2022	2034
Қоян	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011	2023	2035
Ұлу	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012	2024	2036
Жылан	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013	2025	2037
Жылқы	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014	2026	2038
Қой	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015	2027	2039
Мешін	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016	2028	2040
Тауық	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017	2029	2041
Ит	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018	2030	2042
Доңыз	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019	2031	2043

Ескерту. Жыл басы наурыз айының 22-нен басталады.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОЛӨНЕР

Ұлттық өнерді ұлықтаған азамат

Қазақ халқы ежелден-ақ өнермен өсіп-жетілген ел. Тіпті күнделікті қолданыстағы әшекей бұйым мен ыдыс, музыка аспаптары олардың біте-қайнасқан өмірінде әр кез қатар жүрген. Қазақтың қолөнерін айтып, жазып, суреттеп жеткізу оңайға түспейді. Қазір де қоғам арасында ұлттық қолөнерге деген қызығушылық артып тұр. Ағаштан түйін түйетін, одан түрлі бұйымдар жасайтын шеберлер де арамызда жетіп-артылады.

Жігітке жеті өнер де аз дегендей бүгінгі мақала кейіпкеріміздің қолынан келмейтін ісі жоқ десек артық айтқанымыз емес. Оған мақаланы оқу барысында оқырманның да көзі жетер деп қоямыз. Тілеш Намазбеков 1964 жылы Бөрлі-төбе ауданы Қарақұм ауылында дүниеге келген. Өнерге деген қызығушылық пен сүйіспеншілік мектеп қабырғасында басталған көрінеді. Бойында кішкентайынан газеттегі жазуларды, фотосуреттерді айна қатесіз көшіріп жазу, сызуға деген ынта болған. Ал 9 сыныпта алғаш макет жасап өнер деген кемеде бүгінге дейін дауылдарға дес бермей жүзіп келеді. Аталған макетті жасаудың да өзіндік тарихы бар. Ол туралы мақала кейіпкері: *«Әкемнің 90 жылдығына орай, туған ауылымдағы мектепте ол кісіге арнап кабинет ашылды. Сонда барып ас бергенде мектепті аралап, кабинеттердің безендіру жұмыстарын көрдім, біраз өзгерістер бар екен. Ең кереметі еңбек кабинетіндегі мына экспонат көзіме оттай басылды. Бұл макет балық аулайтын ағаш бодтың (40сел) көшірмесі. Біз, марқұм досым, класстасым, нағашы бауырым Асқар Досанұлы екеуміз 9 сынып оқып жүргенде, 1980 жылдары жасаған едік. Оның ұзындығы 160 см. Сол кезде Бөрлі-төбе ауданы көлемінде бірінші орын алған болатын. Бұл біздің Асқар екеуміз жасаған бірінші жетістігіміз, бұдан бөлек сол кездегі мектеп директоры Шаймұханов Тілеу ағайдың демеуімен 10сыныпта Ан-2 самолетін, Ми-8 вертолетінің көшірме макеттерін жасап облыс көлемінде бірінші орын алған едік. Шіркін уақыт зымыраған, 44 жылдан кейін көзге оттай болып басылғанына таң қалуға да болады екен»,* - деп еске алады.

Әрине өнерді үйренемін деген адам айтқанына жетпей қоймайды. Тілеш Рымжанұлы мұндай ағашпен жұмыс жасауды әкесінен үйренген. Ол кісінің айтуынша, арғы аталары етікші, шебер, үш ішекті домбырада ойнаған дейді. Әкесі Рымжан Мұқатұлы да еңбек сабағынан мұғалім болыпты. «Әке көрген оқ жанар» дегендей өнерге деген әуестік кейіпкеріміздің бойына қанмен дарыған. Тіпті, бүгінде шебердің қос ұлы Тілек ағаш оюмен айналысады. Ал Төлеген әкесімен бірге қол қанат болып домбыра жасайды. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарлама арқылы қыштан құмыра жасайтын орталық ашқан. Ал қызы Айханым сәулетші мамандығы бойынша Алматы қаласында білім алуда. 2 немересі де сурет салуға, қыштан құмыра жасауға әуес.

Тілеш 1982 жылы Алматыға Абай атындағы институттың көркемсурет-графика мамандығына түседі. Бірақ 2 курсқа көшкен кезде армияға шақырылып 2 жыл отан алдындағы борышын өтеген. Келгесін оқуын жалғап, бір факультетте оқитын Айгүл есімді қызбен отбасын құрып, дипломдық жұмысты әйелімен бірге өте жақсы деген нәтижемен қорғап шыққан. Тындап отырған құлаққа бұл әңгіме де жағымды естіледі екен. Жары қалыңдық көйлегін, өзі қалыңдық киетін барлық зергерлік бұйымдарды жасап, аудиторияда қойылым қойғандардың алғашқылары болыпты.

Оқу біткесін Тілеш шебер Алматыда қалуды жаны қаламай Талдықорғанға келген. Қаладағы жаңадан ашылған №18 қазақ тілді мектепте еңбек сабағынан ұстаздық қылып, алғаш тәуелсіздік алған жылдары болған дефициттен құрылыста жүріп туысы арқылы домбыра жасайтын Аман атты шебермен танысып музыкалық аспап жасауды меңгерген.

«Махамбет» атты музыкалық аспаптар жасайтын шеберхана ашылып Аман Садуақасов, Нұрәлі Аманқұлов және Тілеш Намазбеков 1991 жылдан бері домбыра жасаудың хас маманына айналған. Кейініректе тіпті республикалық байқаулардан талай мәрте төбе көрсетіпті. 2008 жылы №25 мектепке мұғалім болып кіріп, ал 2012 жылы Назарбаев зияткерлік мектебінің шақыруымен өнер сабағынан шәкірт дайындаған, 2021 жылдан бері Оқушылар сарайында ашқан қыш, саз балшық үйірмесі де жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, қаладағы №28 мектебінде ұстаздық етуде.

Тілеш Намазбековтың Халық шығармашылық орталығының жанында 2001 жылы ашылған жеке шеберханасы бар. Онда тек қана домбыра жасаумен шектелмей, қыл қобыз, жетіген, ұрмалы аспаптар әзірлейді. Сонымен қатар, астау жасап, портрет те салады. Ол кісінің айтуынша, домбыра тек сапалы ағаштардан ұқыптылықпен, асқан шеберлікпен жасалғаны жөн. Қылқанжапырақты ағаштар мен жеміс ағаштарынан, үйеңкіден жасалған домбыраның үні әдемі болады. Одан бөлек, біз естіп білмеген Африкалық, Италиялық ағаштарды Алматы қаласынан алдырады. Тіпті табиғатынан қара ағаштың да болатынын шеберханада алғаш рет сұхбат барысында көрдім. Ол кісі домбыраның құрастырмалы және шаппалы түрін ерекше етіп, алушының ұсынысына қарай жасайды. Бүгінге дейін бірнеше шәкіртті шеберге айналдыған Тілеш Рымжанұлы домбыраны қарағай ағашынан жасауға болмайды деген ақылын айтты. Оның себебін Қарағай майлы болғандықтан уақыт өте домбыраның дауысы шықпай қалады деп түсіндірді шебер.

– Шеберхананың жұмысы 2001 жылдан бері тоқтаған емес. Күніге көптеген адам келіп кетеді. Бұрындары тапсырыс көп түсетін. Қазір саны азайды. Оның себебі базарлардағы сапасыз, арзан жасалған домбыралар қаптап кетті. Бірақ олар тез бұзылып қалады. Ал біз домбыраның артқы жағын сапалы қатты ағаштан жасаймыз. Беткі бөлігі жұмсақ ағаштан жасалады және бетіне қорған ретінде оюлап қорғаныш бөлігі қойылады. Оны көбі әдемілік үшін деп ойлап қалып та жатады. Ал мойынын 4 түрлі ағаштан жасаймыз. Оның да сапасына қарай ұқыптылықпен таңдалады, - деп домбыра жасаудағы ерекшеліктерді толығымен түсіндіріп берді Тілеш Рымжанұлы. Әр бөлігінің қанша сантиметр болатынын, тек тақ санмен жасалатынын және тағы басқа да ерекшеліктеріне жеке тоқталып, барлығымен толық бөлісті. Шебердің қолынан шыққан домбыраның бағасы 80 мың теңгеден басталып ары қарай қымбаттай береді. Мысалы, шаппалы домбыраның бағасы құрастырмалы домбыраға қарағанда әлдеқайда қымбат.

Жалпы Тілеш Намазбековтың өмірі мен өнері жайлы айта берсек әлі көп естеліктер жеткілікті. Ол кісі өткен жылы ғана облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаевтың қолынан «Мәдениет саласының үздігі» атты төсбелгімен марапатталыпты. Бұл оның жастайынан өнерге қызығып, бүгінге дейін жасаған жұмысының жемісі. Жұмысыңыз тек өрге домаласын. Ұлыстың ұлы мерекесі құтты болсын!

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰЛТТЫ БІРІКТІРГЕН - ҚҰРЫЛТАЙ БАҒЫТТАРЫ

14 наурыз күні Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

Мәдениет дегеніміз – жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес. Бұл – ұлттық сана-сезімді жаһандық ауқымда нығайта түсетін мықты тұғыр деді. Үкімет түрлі ұлттың барша адамзатқа ортақ білім қазынасына қосқан зияткерлік үлесін көрсететін «Әлем жады» тізіміне деректі мұраларымызды енгізу жұмысын жандандыру қажеттілігін айтты.

Былтыр 2024 жылы Атырауда өткен үшінші құрылтайда сөйлеген сөзінде: «*Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды*», – деген болатын.

Ендігі уақытта осы тарихи деректерді, дәлелді деректер арқылы қор жинақтауды, яғни, ономастиканы «тарихи еңбегі» ешқандай архив құжаттарымен расталмаған тұлғаларды ұлықтау құралы етуге болмайтындығы дұрыс айтылды.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқаратындығына, төл мәдениетіміздегі Әз-Наурыз мейрамын ұйымдастыру туралы жаңа тұжырымдамаға сәйкес іс-шаралар 14 наурыз Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетінін бұл бастаманы жұрт жақсы қабылдағанын айта келе, «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болғанындықтан, қара киім кигеннен кері қазақ киімінің бренд ретінде танылуына кәсіпкерлердің ықпал етуін тапсырғаны қуанышты жаңалық – деп қабылдадым.

«Біздің ұлтымыздың арман-мұраты әділетті, қауіпсіз, таза, қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алса, идеологиямыз – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау» - деген сөзімен жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер қойғандай қабылдадым. Ол:

– Төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеу;

– Цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану ;

– Аз зерттелген немесе мүлде зерттелмеген тақырыптарды зерделеу;

– Қазақстанды әлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде таныту;

– Қазақ халқының әмбебап әрі бірегей өмірлік тәжірибесін толық ашу, деген сөздерін мүмкіндігінше жұмыс барысында пайдалануға тырысамын.

Өзімнің өлкем Жетісу облысы бойынша ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтарын 2026 жылдың аяғына дейін ашу қажеттілігі және «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбырын іске қосу көзделгенін айтып, халықтың әлеуметтік аса қажет саласының мәселесін көтергені қуантарлық жағдай болды.

«Еңбек жолы мұратқа жеткізеді», Бұл – біз атқарып жатқан жұмыстың басты қағидасы дей келе, дұрыс мақсат қоя білсек қана, табысқа жете алатындығымызды, келешекте орындайтындығымызға сене айтты. Біздің ұлтымыздың арман-мұраты әділетті, қауіпсіз, таза, қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алатындығын баса айтты.

Сондықтан мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатын күнделікті насихаттау кітапханашылар міндеттерінің бірі.

Келелі жиында айтылған ұлтты біріктіретін бастамашыл идеялар сөзсіз терең әрі кешенді насихаттауды қажет етеді.

Ақпараттық-библиография бөлімінің бөлім меңгерушісі Ғалия Ешенова
Талдықорған қаласы

БҰРЫНДАРЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЛДІҢ, ЖЕРДІҢ, ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНДА ТУЫНДАҒАН ДАУ-ЖАНЖАЛДАРДЫ, ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ КИКІЛЖІҢДЕРДІ ҚҰРЫЛТАЙ ЖАСАП ШЕШІП ОТЫРҒАН ДЕСЕДІ. БҮГІНДЕ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ СОЛ ЕСКІ ӘДІСТІ ЖАҢАРТЫП, КӨКШЕТАУДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙДА ЕЛ АЗАМАТТАРЫМЕН БАС ҚОСЫП, ЕЛІМІЗДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ОРТАҒА САЛДЫ. БАЙҚАҒАНЫМЫЗ, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ НАЗАРЫНАН ЕЛДІҢ ЖАҒДАЙЫ ТЫС ҚАЛМАПТЫ. АЙТЫЛЫП, ЖАЗЫЛЫП ЖҮРГЕН ЖАЙТТАРДЫҢ БӘРІ ЕСКЕРІЛГЕН. ЕЛДІҢ ИГІ ЖАҚСЫЛАРЫ БАС ҚОСҚАН ҚҰРЫЛТАЙДА ЕЛГЕ ТАНЫМАЛ АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ӘДЕП МӘСЕЛЕСІН ҚОЗҒАҒАНЫ ОРЫНДЫ ДЕП ҚАБЫЛДАДЫМ.

ҚҰРЫЛТАЙДА ХАЛЫҚТЫҢ ПІКІРІ ЕСКЕРІЛДІ

Өйткені бүгінде әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейген. Оның бір мысалы, Семейдегі балаларды ғана айтсақ жеткілікті. Жалған мәлімет таратушылар да қоғамның ойын улап кімге сенеріміздi түсінбей жүрміз. Оған қосылған алаяқтық әрекеттер де қоғамға еніп алған. Жаңалықтардан алаяқтардың арбауына түскен деген ақпараттарды жиі естиміз.

Еліміздегі дін төңірегіндегі орын алып жатқан әртүрлі оқиғалар да дінде жүргендердің кімнің кім екенін анықтай алмай алаңдап қалғанымыз рас. Себебі діни сауаттымды арттырамын деп жат ағымға ауып кеткен жастар көбеюде. Сонымен қатар, ЛГБТ деген ұғым да қанымызға еніп кетпесін деген алаңдаушылық бар.

Біздің халық әлі де әлеуметтік көмектерге мұқтаж халықпыз. Халыққа көмек ретінде жасалып жатқан арнайы бағдарламаларды айтсақ, олардың пайдасы басым. Мысалы, өткен жылы 2006 жылғы туған қызыма «Ұлттық қор – балаларға» деген бағдарламадан 50 мың теңге көлемінде қаржы түскен. Сол арқылы оқу ақысының аз да болса бөлігін төледік. Ал 5-6 жылда мұндай жыл сайын салынатын қаржы артса, ата-аналар балаларының ақылы оқуына алаңдамайтын да болады.

Әрине, Құрылтайда елдің сыртқы және ішкі даму цифрлары да айтылды, білім ошақтарын салу, тәрбие мәселесі, ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған орталық санын көбейту де, басқа көптеген мәселе айтылды. Қысқасы, елді мазалап жүрген сұрақтардың бәрі дерлік ортаға салынды. Елдің даму бағыты айқындалды. Тиісті тапсырмалар берілді.

Енді мұның бәрі жәй сөз емес, нақты атқарылса жөн болар еді.Атқарылмай қалса - жауаптыны іздеп дал боламыз...Уақыттан да ұтыламыз.

Ермұхан БАЙМҰХАНҰЛЫ,
Ескелді ауданы

ТӨРТІНШІ ҚҰРЫЛТАЙДА ӨЗЕКТІ ТАЛҚЫЛАУ БОЛДЫ

ЖЕТІСУҒА КЕЛГЕН ҚОНАҚ ЕДІМ. МЕН КЕЛГЕНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ БАСТАЛЫП, ОНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҚ АРНАЛАРЫНАН КӨРІП, ЕСТІП, ОҚЫП ДЕГЕНДЕЙ БІРАЗ ҚҰЛАҒДАР БОЛДЫМ. СОДАН, ҚҰРЫЛТАЙДАН АЛҒАН ӘСЕРІМДІ ЖАЗЫП КЕТЕЙІН ДЕДІМ.

Елімізде орын алып отырған барлық мәселелерді Құрылтай отырысының ортасына салған мемлекет басшысының баяндамасын қызыға оқып шықтым. Жасыратыны жоқ, бұрын мұндай ұзақ баяндамаларды аса көп оқымаушы едім. Қысқа нұсқасын БАҚ-нан естіп қана қоюшы едім. Бұл жолы Тоқаевтың сөзі тартымды болды. Өйткені ондағы айтылған мәселенің бәрі елді дүрбелендіріп жатқаны рас қой. Әсіресе салық реформасын түсінікті қарапайым тілмен жеткізді. Қазынаның салықпен толатыны рас. Ал бізде салық туралы заң, түсінгеніміз бойынша, солқылдақ. Заңды жетілдіру керек. Өйткені заң осал болса қазынаны ұрлаудың тәсілі көбейеді. Көрмейсіз бе, ірі компаниялар мен фирмалар сегменттеліп, табыс пен кірістерін азайтып көрсетіп, салықтан жалтаратыны да рас. ЗАҢ ОСАЛ БОЛСА – ҰРЛЫҚҚА ЖОЛ АШЫҚ ДЕГЕН СӨЗ ҒОЙ. Сондықтан, мемлекет басшысы барлық құзырлы орындарға тез арада ширауды тапсырды. Ол шаралардың мәнмаңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керектігін айтты. Өте дұрыс.

«Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек. Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсініспікпен қарайды» - деген президент Тоқаевтың тапсырмасын Үкімет жедел түрде іске асырса болар еді. Бізде салғыртшылық басым осындай қажетті шараларды жүзеге асыруда. Бір-біріне сілтеп отыра беретін сәттер де болады. Сондықтан орындаушыларға талап қоюмен қатар белгілі уақыт беріп, тапсырманы орындай алмағандарға «екі»қойған ұстаз сияқты - шара қолдану керек.

Еңлік Даниярова
Талдықорған қаласының қонағы

КӨРЕРМЕН МЕН ТУРИЗМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖАРИЯЛАҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ IV ОТЫРЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ ДЕГЕН СЕНІМДЕМІН. НАУРЫЗДЫҢ 16-КҮНІ БУРАБАЙДА ӨТКЕН БҰЛ ЖИНАЛЫСТА САЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ, БІЛІМДЕГІ ОҢ БАСТАМАЛАР, ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ҚОЛДАНУ МӘДЕНИЕТІ МЕН КИНО КӨРСЕТІЛІМДЕРІ, ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ СЕКІЛДІ ТАҚЫРЫПТАР ҚОЗҒАЛДЫ.

Қазіргі таңда, кинотеатрларда болсын, әлеуметтік желіге болсын, әртүрлі заттар салына береді. Кино түсірілімдері мемлекеттің тапсырысымен ғана емес, жекелеген тұлғалардың да қолдауымен түсіріліп жеке кәсіп көзіне айналды. Әрине, қазақ киносының дамуы қай қайсымызға болсын жақсы ғой. Бірақ осы көгілдір экраннан біздің өскелең ұрпақ тәрбиеленетінін ескерсек, бұл жұмыстарды жіті бақылаудан өткізу қажет. Ұзаққа бармай-ақ қояйық,кеше ғана балалардың бір-біріне озбырлық көрсеткен видеолары әлеуметтік желіде ашық жарияланду. Егер бұл іс ретін таппаса соңы жақсылыққа апармайды. Елбасымыз ұрпақтың ең әуелі тәрбиесінің дұрыс болуына баса назар аударылатынын атап өтті. Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы деп бекер айтпайды ғой.

Мен өзім киноға қарағанда театрға жиі барамын. Театр деген нағыз өнер ғой. Сахна деген киелі орынға қойылым шықпас бұрын көптеген тексерістермен дайындықтан өтеді. Отбасымызбен, бауырларымызбен қысылмай бірге көре аламыз. Құрылтайда өнер саласына да ерекше қолдау білдірілетіні айтылғанда шынымен де қуандым.

Одан бөлек, құрылтай жиналысында туризмді дамытуға байланысты мәселелер де қаралған. Алдағы уақытта жұмыс аясында Бурабайды туристік нысан ретінде дамыту үшін 140 млрд. теңге бөлінетіні айтылды. Егер бұл қаражат бөлініп, жоба жүзеге асатын болса, инфрақұрылым жақсарып, туризм саласы өркендеп,аймақтың экономикалық әлеуеті артады деген ойдамыз. Қазақстанда көрікті жерлер көп, шығыстан батысқа созылып жатқан кең байтақ өлкеміздің әр нүктесін зерттеп, туристік аймаққа айналдыруымызға болады. Алысқа бармайық мысалы, өзіміздің Жетісу облысының өзінде Әншіқұм, Тамшыбұлақ, Балқаш секілді өлкелер бар.Қазақстанда бюджет қаражатының игерілуіне қатысты сын жиі айтылады, халық кейде тиімсіз жұмсалу немесе жемқорлық мәселелері туындайды деген күдіктерін де жасырмайды. Сондықтан қаражаттың қалай және қайда бөлінетіні туралы нақты есеп беріліп, ашықтық қамтамасыз етілсе, сенім арта түсер еді.

Талшын ЕРЛАНҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

ҚҰРЫЛТАЙ ТУРАЛЫ ОЙЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында қоғам үшін өзекті мәселелерді көтерді. Егер сол жерде айтылған мәселелер шынайы түрде қолға алынып, іске асырылса, бұл еліміздің дамуына және халықтың әл-ауқатының артуына үлкен үлес қосар еді деп ойлаймын.

Президенттің көтерген мәселелері қазіргі қоғам үшін аса маңызды, себебі олар күнделікті өмірімізде кездесетін түйткілдерге тікелей байланысты. Әсіресе, балалар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесіне тоқталатын болсақ, бұл бүгінгі таңда өте өзекті тақырыптардың бірі. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау фактілері жиілеп, әлеуметтік желілердің теріс ықпалы салдарынан түрлі келеңсіз жағдайлар орын алуда. Бұл мәселеге салғырт қарауға болмайды, себебі балалар – еліміздің болашағы. Олардың қауіпсіздігі мен амандығы үшін мемлекет тарапынан нақты қадамдар жасалуы тиіс. Егер осы мәселенің алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілсе, балаларымыз түрлі қауіп-қатерден аман болып, олардың болашағы жарқын болар еді. Мен бұл бастаманы толық қолдаймын және тек балаларға қатысты ғана емес, жалпы отырыста көтерілген барлық мәселелердің жүзеге асырылғанын қалаймын. Мемлекет басшысы ұсынған шешімдер елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталғандықтан, оларды іс жүзінде жүзеге асыру аса маңызды. Ең бастысы, айтылған ұсыныстар тек сөз жүзінде қалып қоймай, нақты әрекеттерге ұласса, онда елімізде оң өзгерістер орын алады деп сенемін.

Манарбек АБДЫКАЛЫКОВ,
Көксу ауданы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында қазіргі таңдағы өзекті мәселелер көтерілді, олардың ішінде ерекше назарымды аудартқаны – отандық мультфильмдер өндірісі туралы айтылған пікір.

Президент қазіргі кезде мультфильмдердің басым бөлігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсіріліп жатқанын атап өтті. «Кино – маңызды идеологиялық құрал. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмдерді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған дұрыс», - дейді. Бұл пікірмен мен толықтай келісемін, себебі мультфильмдер мен киноларды көретіндердің басым көпшілігі – балалар мен жас буын. Демек, әрбір туындының тәрбиелік мәні болуы өте маңызды. Егер бұл салада жүйелі қадағалау жүргізілсе, экраннан көрсетілетін контенттің сапасы артып, балалардың дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы дұрыс қалыптасады. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа қазақ халқының әйгілі тарихи тұлғалары туралы мәлімет беретін, қазақ тілінде және ұлттық нақышта түсірілген мультфильмдердің санын арттыру – өте орынды шешім. Бұл жас буынның бойында патриоттық сезімді қалыптастырып, олардың мәдениетіміз бен тарихымызға деген қызығушылығын оятуға септігін тигізеді. Егер осы бағыттағы жұмыстар күшейтіліп, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін анимациялық фильмдер мен кинолар көбейсе, болашақ ұрпақтың саналы әрі тәрбиелі болып өсуіне үлкен ықпал етеді деп ойлаймын.

Зарина БЫЖЫБЕК,
Жетісу облысы

Дүйсенбі - Понедельник, 24 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая
07.00 «Қыз жібек»
09.30 Сериал
11.30 Мультфильм
13.00 «Воина богов: бессмертные»
15.00 «Көшпенділер»
17.00 «Қызық times»
18.00 Cover show
19.30 «Адал алаяқтар»
21.00 «Звездный путь»
23.00 «Құстар әні»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.55 «Той базар»
07.05, 01.55 «П@утина»
08.00, 19.00 «Көremiz-шоу»
09.00, 02.40 «Ұлы даланың мұрасы»
09.15 Смотрим на каникулах
10.55 «Мирт обыкновенный»
14.30 «Qoslike»
18.30, 01.25 «Басты жаңалықтар»
20.00 «главные новости»
20.30 сериал
00.30 ночной кинотеатр.

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!»
08.10 «Ән мен әнші».
10.00 «Выше только любовь»
14.00 «Таины»
16.10 «Последнее письмо любимого»
20.10 «Между любовью и ненавистью»
22.10 Подражатель
00.20 «Маруся»
01.05 «Таины»
01.55 «Ән мен әнші»
04.05 Кел, шырқайық!
05.05 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Армысың, әз-Наурыз!»
09.00 «Әсем әуен»
09.30 «Абадан»
09.55 «Единый народ»
10.25 «Шашу»
11.00 «Саулықтың сыры»
11.10 «Шіркін-ай»
12.30 «Ұлт ұяты»
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Иман нұры»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 «Сен және мен» Алтын Махамбетованың концерті
17.35 «Шыңыраудан шыңға»
17.50 «Бумеранг»
18.00 «Әсем әуен»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Бейкүнә қыз»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Өмірқұл Айниязовтың концерті
22.00 К/ф «Бақытыңды аяла»

31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «Күліп All»
08.00 Мультсериал «Буба»
09.10 «Великий Человек-паук»
09.30 «Алдараспан»
11.40 «Король артур»
14.00 Худ. фильм
16.00 «Аладдин»
18.40 Кино
20.40 «Хозяин морей. На краю земли»
23.10 «Обитель зла. возмездие»
01.00 «Bizdin show»
02.30, 04.20 TikTok show
02.50 «Тамаша Live»
03.20 «31 әзіл»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 Телевикторина
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
08.00 «Әзіл әлемі»
10.00, 20.00 Сериал
11.00, 21.00 «Бесценное время»
13.00 «Измайловский парк»
15.40 «Один дома»
17.40 «Один дома-2»
22.40 «Джентльмены удачи»
00.20 «Macka Kazakhstan»
01.50 Жаңалықтар
02.10 Новости
02.40 Q-елі
03.10 «Келесі кім?»
03.50 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Хабарландыру

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары мен қонақтары «Талдықорған орман шаруашылығы» КММ ағымдағы жылдың 19 және 21 наурыз аралығы өрт қауіпін бәсендету мақсатында орман қоры және оған іргелес аумақтарда қураған шөптесін өсімдіктерді басқарылатын өртеу іс-шаралары жүргізілетінін ескертеді. Өртеу жұмыстары Қаратал орманшылығының 1, 8, 13 орамдарының 4, 10, 18, 70,71,72 телімдерінде жалпы ауданы 1,0 гектар жерге жасалады.

Қаратал орманшылығының орман шебері: Е.Сазанбаев

Сейсенбі - Вторник, 25 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Көшпенділер»
09.30 «Зимородок»
11.30 Мультфильм
13.00 «Звездный путь»
15.00 Көркем фильм.
17.00 «Алғашқы»
18.00 «Жырым мені ешқашан өлтірмейді»
19.15 «Әсем әндер»
19.30 «Айқай-шу»
21.00 Художественный фильм. «Лулу и Бриггс»
23.00 Телехикая «Құстар әні»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.55 «Той базар»
07.05, 01.55 «П@утина»
08.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
09.00, 02.40 «Ұлы даланың мұрасы»
09.30 «Конь Юлий и большие скачки»
10.55 Сериал «Наша доктор»
14.30 «Qoslike»
18.30, 01.25 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Казанова. В бегах»
00.30 Ночной кинотеатр.

КТК

07.05 «Ақсұңқар арман» концерт
08.00 «Женскии защитник»
12.00 «Между любовью и ненавистью»
14.00 «Таины»
16.00 «Последнее письмо любимого»
20.00 «Между любовью и ненавистью»
22.00 «Подражатель»
00.05 «Аруся»
00.50 «Таины»
01.45 «Миссия Выполнима»
03.05»Ақсұңқар Арман»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.10 «Қош келдің, әз-Наурыз!»
08.50 «Әндер мен жылдар»
11.00 «Саулықтың сыры»
11.10 «Біз жанбасақ»
11.50 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
13.45 М/ф «Көне құмыраның сыры»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Мұратбек Сарыбасовтың концерті
16.30 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
17.30 «Абадан»
17.50 «Қайырымдылық»
18.00 «Әсем әуен»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Қатыгез келін»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 «Жарқыра» хабарының гала концерті
22.15 «Әсем әуен»
23.00 К/ф «Құдайы қонақ»

31 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Әзіл студио»
07.00, 03.20 «Time Vine»
07.30, 02.50 Tik Tok show
08.00 Мультсериал «Буба»
09.10 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30 «Күліп All»
10.00 «Тамаша Live»
10.20 «Аппақ келін»
12.00 Худ. фильм «Родной-2»
14.00 Кино
17.10 «Царство небесное»
20.00 «13 Район. Кирпичные особняки»
21.50 «Спасатели Малибу»
00.20 «31 әзіл»
03.50 «1001 Әзіл»
04.00 Телевикторина
04.30 What's up?
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.00 «Ананди»
08.00 «Сезім үшін»
09.00 «Наурыз айы туғанда...»
10.00, 20.00 Сериал
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
14.00 Худ. фильм
16.20 «Джентльмены удачи»
18.00 «Великолепный век. Создание легенды»
20.50 Сериал «Великолепный век. Кесем»
22.40 Сериал
00.30 «Macka Kazakhstan»
02.00 Жаңалықтар
02.20 Новости
02.50 Q-елі
03.40 «Келесі кім?»
04.10 «Жеңіп көр»
05.00 «Қуырдақ»
05.52 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 26 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Том Сойер»
09.30 Сериал «Зимородок»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Президентский резерв»
12.30 «Айқай-шу»
14.00 «Лулу и Бриггс»
16.00, 23.00 сериал «Триггер»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
19.00 Телехикая «Келіншан-5»
20.00 Телехикая «Бахар»
22.00 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.55 «Паутина»
07.00.19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Спецназ»
13.00 «Пусть говорят
14.00, 01.25 «Новости»
14.15, 01.40 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.40 «Басты жаңалықтар
20.00 «Главные новости»
20.35 «Территория»
00.30 Ночной кинотеатр.
03.05 «Той базар»

КТК

07.05 «Әнім сен едің»
08.00 «Қоштасқым келмейді»
10.20 «Вскрытие покажет»
12.20 «Между любовью и ненавистью»
14.30 «Таины»
17.20 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Между любовью и ненавистью»
23.50 «Подражатель»
01.50 «Маруся»
02.35 «Таины»
03.20 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.00 К/ф «Бақытыңды аяла»
11.00 «Саулықтың сыры»
11.10 «Жаса, қазақ» Әділ Сламханның ән кеші
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ділмар»
17.00 «Менің анам»
17.15 «Әсем әуен»
17.50 «Маска»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Алатау алыптары» (Жаңа бағдарлама)
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 00.40 «31 әзіл»
07.00, 03.00 «Tik Tok show»
07.30 «Күліп All» ойын-сауық»
08.00 «Великий Человек-паук»
09.10 «Буба
09.50 «Хозяин морей. На краю земли»
12.20 «Астерикс и Обеликс против цезаря»
14.30 «Телохранитель жены киллера»
17.00 «Повелитель стихии»
19.00 т/с «Ольга»
20.00 Информбюро (рус./каз.)
21.00 «Слезы солнца»
23.10 «Айдаhарлар шайқасы»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.00 телехикая «Ананди»
08.00 телехикая «Сезім үшін»
09.00 «Жарқыраған жұлдыз»
10.00, 19.50 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.30 Сериал «Бесценное время»
13.00 «Великолепный век. Создание легенды»
15.00, 22.30 Сериал «Московскии роман»
17.00 «Macka Kazakhstan»
18.00 Жаңалықтар.
18.20 Док. сериал
19.30 Новости.
20.00 Сериал «Великолепный век. Кесем»
00.20 Сұхбат.
01.20 Телехикая

Утерянные ИБР «Турция» № 649343, № 631363, Грузия № 24391427, выданные ИП «Аширов А» ИИН 880212300867 считать недействительным

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Егде жастағы науқастардың өмір сүру сапасы мен психикалық денсаулығын қамтамасыз етудегі мейіргер рөлі

Егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасы мен психикалық жағдайы қоғамдастықтың және денсаулық сақтау саласының маңызды назарында тұрған мәселе болып табылады. Бұл жас кезеңі – денсаулықтың, әлеуметтік қарым-қатынастардың және психикалық күйдің күрделі өзгерістеріне толы кезең. Егде жастағы науқастардың өмір сүру сапасын және психикалық жағдайын жақсарту қоғамның дамуындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Егде жастағы адамдардың денсаулығы жиі проблемалармен қатар жүреді. Қартайған сайын адамның ағзасы қарқынды өзгерістерге ұшырайды, бұл көптеген аурулардың пайда болуына себеп болады. Қозғалыс қабілетінің төмендеуі, жүрек-қан тамырлары аурулары, диабет, остеопороз және буын аурулары сияқты жағдайлар егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасына қатты әсер етеді. Сонымен қатар, егде жастағы адамдардың физикалық әлсіздігі олардың тәуелсіз өмір сүру мүмкіндіктерін шектейді, бұл өмір сапасын төмендетеді.

Егде жастағы науқастардың өмір сүру сапасы мен психикалық жағдайы маңызды және өзара байланысты мәселелер болып табылады. Бұл кезеңде денсаулықтың барлық аспектілері: физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдайлар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Егде жастағы адамдардың өмір сапасын жақсарту үшін кешенді қолдау көрсету, физикалық белсенділікті арттыру және психологиялық көмек көрсету қажет. Әлеуметтік қолдау мен психологиялық көмек егде жастағы адамдардың денсаулығына оң әсер етіп, олардың өмір сүру сапасын елеулі түрде жақсартады.

Егде жастағы адамдардың психикалық денсаулығын қолдау маңызды. Бұл үшін арнайы психотерапевтер мен психологтардан тұратын топтар құру қажет. Олар депрессия, мазасыздық, когнитивті бұзылыстар мен басқа да психологиялық мәселелерді шешуге көмектесуі керек. Сонымен қатар, психологиялық көмек әлеуметтік қызметтер мен қолдаумен қатар жүруі керек.

Әлеуметтік оқшауланды болдырмау үшін егде жастағы адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету өте маңызды. Қарттар үйлері, әлеуметтік клубтар мен түрлі қоғамдастықтар құру, қоғамдық іс-шараларға қатысу мүмкіндігін арттыру арқылы адамдардың әлеуметтік байланыстарын нығайту керек. Бұл олардың эмоционалды әл-ауқатын арттырып, өмірге деген қызығушылықтарын сақтайды.

Егде жастағы адамдардың физикалық белсенділігін арттыру олардың денсаулығына және психоэмоционалды жағдайына оң әсер етеді. Қарапайым жаттығулар, серуендер, йога немесе су аэробикасы сияқты бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы адамдардың денсаулығын нығайтуға болады. Бұл шаралар жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға, бұлшықет күшін арттыруға және көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

СҮЛЕЙМАН Дина,
ШЖҚ«Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК МІ 412-тобының студенті
жетекшісі Абылханова Альбина Маратовна

Артериальды гипертензия кезіндегі мейіргерлік күтім

Артериялық гипертензия (әрі қарай АГ) науқастардың еңбекке қабілеттілігін төмендететін, мүгедекке жиі алып келуіне, созылмалы ағымы мен жоғары өлім көрсеткіштеріне байланысты әлеуметтік, экономикалық аспектілері бар заманауи медицинадағы аса өзекті мәселелердің бірі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статитистикалық деректеріне сүйенсек, әлем халқының 30%-ы гипертониялық аурумен ауырады, ал 420 млнға жуық адам АГ байланысты тиісті ем қабылдамайды. Экономикалық дамыған елдерде бұл көрсеткіш 20-50%-ды құрайды. Соңғы 30 жылда(1990ж) АГ-мен ауыратын ересектер саны 2 есе артып, 1,28 млрдқа жеткен. Ол 40 жастан асқан әрбір оныншы, 50 жастан асқан әрбір бесінші және 60 жастан асқан әрбір үшінші тұрғында кездеседі.. Бүгінде артериялық гипертензияның таралуы эпидемиялық сипатқа ие және АГ проблемасын ауқымды инфекциялық емес пандемия деп санауға болады.

Артериялық гипертензияның дамуына ықпал ететін факторларды әдетте қауіп факторлары деп атайды. Адамда қауіп факторлары неғұрлым көп болса, гипертонияның дамуы соғұрлым ықтимал; Қазіргі кезде АГ-ның даму себептері толық анықталмаған, оның дамуына әкелетін ықпалдар ғана белгілі.

1.Тұқым қуалауға бейімділік. Егерде баланың ата-анасыда да АГ болса, онда балада даму мүмкіндігі 3 есе артық.

2.Нервілік – психикалық жарақаттар. (эмоциялық стресстер). Негізінде, АГ-ның теріс эмоцияларын тежей алатын ұстамды, жігерлі адамдар да жиі дамуы байқалған.

3.Кәсіптік зияндылықтар: құлаққа, көзге зейін қоюға көп күш түсуі, мәселен диспетчерлер, шулы цехтарда жұмыс жасайтындар.

4.Тамақтанудың ерекшеліктері: тұзды тағамға әуесқойлық, кальцийдің, магнийдің жетіспеушілігі. 5.Эндокринді факторлар: егде жастағы эндокринді өзгерістер салдарынан шалдығу (климакс шағы).

6.Зиянды әдеттер: шылым шегу, ішімдікке салыну (арақ ішкеннен кейін сау адамның өзінде де АҚ 20-30 мм с.б.биіктейді.

7.Бас миының жақаттары.

Артериялық гипертензияның белгілері аурудың ағымына, сатысына және "нысана" мүшелердің зақымдану деңгейіне байланысты. Бұл кезеңде науқастар бас ауруы, бас айналу, кейде стенокардия шабуылдары, физикалық жүктеме кезіндегі ентігу, еңбек өнімділігінің төмендеуі, ұйқы бұзылыстарына шағымданады.

Артериальды гипертензия кезінде мейіргерлік күтім көрсету және оны науқасқа оңтайлы үйренгеніне көз жеткізу және алдын алу шараларын ұйымдастыру біздің басты міндетіміз.

Артериальды гипертензияның алдын алу бізде күнделік салауатты өмір салтын ұстану болып табылады.

Яғни, артериальды гипертензиямен ауыратын науқастарға мейіргерлік күтім көрсетуді және алдын алу шараларын үйретеміз. Айта кететін болсам зиянды әдеттерден бас тартутемекі шегуден және алкогольден аулақ болу.

Күнделікті қалыпты физикалық белсенділік орнату, таңертеңгілік жаттығулар жасау, қосымша спорт түрімен айналысу

Дұрыс тамақтануды қалыптастыру-жануар өнімдеріне қарағанда көбірек көкеністер мен жемістерді тұтыну, майлы, қуырылған, тұзды тағамдарды шектеу, фаст-фуд, газдалған тәтті сусындарды тұтынбау.

Психалогиялық тыныңу-стресті басқаруды үйрену (психалогиялық тыныңу әдістерін игеру-аутотренинг, медитация т.б.).

Осылай салауатты өмір салтын ұстана отырып тек қан қысымын ғана емес басқада аурулардың алдын алауға болады. Денсаулығымызды нығайту өз қолымызда екенің ұмытпайық!

Арманбек Манат,
ШЖҚ «Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі» МКК студенті

Медициналық қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін қауіп факторлары

Мейірбикенің жұмыс орнындағы қауіпсіздігі-бұл кәсіби міндеттерді орындау кезінде денсаулық пен әл-ауқатты сақтауға бағытталған шаралар жиынтығы. Мейірбикелер күнделікті жұқпалы ауруларды жұқтыру қаупіне, химиялық заттардың әсеріне, физикалық шамадан тыс жүктемелерге және жоғары психоэмоционалды жүктемелерге тап болады.

Кәсіби тәуекелдердің түрлері:

Биологиялық қауіптер

1. Пациенттердің қанымен және дене сұйықтықтары (қан алу немесе инъекция кезінде кездейсоқ инемен шаншу).
2. Вирустық гепатиттермен (В және С), АИТВ-мен инфекция (қолғапты қолданбау, өткір құралдарды дұрыс қолданбау)
3. Жұқпалы аурулар (туберкулез, коронавирустық инфекция, тұмау), күтім жасау кезінде қорғаныс маскасының болмауы.

Алдын алу шаралары:

1. Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану: қолғап, маска, көзілдірік, қорғаныс экрандары.
2. Стандартты сақтық шараларын сақтау: құралдарды дұрыс өңдеу, қолдың гигиенасы.
3. Уақтылы вакцинация: В гепатитіне, тұмауға, коронавирустық инфекцияға қарсы.
4. Иммунитет пен иммунизациялау жағдайын тіркей отырып, тұрақты тексеру

Химиялық қауіптер

1. Антисептикалық және дезинфекциялық құралдардың әсері
2. Цитостатиктермен, есірткі және психотроптық препараттармен жұмыс.
3. Дәрі-дәрмектерге, латекске аллергиялық реакциялар.

Алдын алу шаралары

1. Желдетілетін үй-жайларда жұмысты ұйымдастыру: жұмыс аймағын сору желдеткішімен жарықтандыру.
2. Химиялық реагенттермен және қауіпті дәрі-дәрмектермен жұмыс істеу кезінде арнайы қолғаптарды, респираторларды және қорғаныс киімдерін пайдалану.
3. Сақтау және кәдеге жарату ережелерін сақтау: цитостатиктер мен басқа да препараттар арнайы шкафтарда, кәдеге жарату – нормативтік құжаттарға сәйкес сақталуы тиіс.
4. Тұрақты медициналық тексерулер: аллергиялық және кәсіптік аурулардың ерте диагностикасы.

Физикалық тәуекелдер

1. Аяқта ұзақ тұру, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастырмау (тұрақты статикалық жүктеме салдарынан арқадағы ауырсыну).
2. Ауыр салмақты тасымалдау (көмекші құрылғыларды қолданбай пациенттерді жылжыту кезіндегі арқадағы жарақаттар).
3. Радиациялық әсер (рентген зертханашылары немесе операциялық медбикелер, қорғаныс шаралары сақталмаған жағдайда қосымша сәулелену қаупіне ұшырауы).

Алдын алу шаралары :

1. Жұмыс орнының эргономикасы: үстелдердің биіктігін реттеу, артқы тірегі бар орындықтардың болуы.
2. Пациенттерді жылжыту кезінде көмекші құралдарды пайдалану: арбалар, көтергіштер, сырғымалы тақталар.
3. Медициналық жабдықпен қауіпсіз жұмыс істеу қағидаларын сақтау: персоналды оқыту, жабдықтың техникалық жай-күйін мерзімді бақылау.
4. Үзілістер және өндірістік гимнастика: шаршаудың алдын алуға және тірек-қимыл аппараты ауруларының алдын алуға арналған тұрақты жаттығулар.

Алдын алу мен қорғаудың ойластырылған жүйесінің болуы медициналық қызметкерлердің денсаулығын сақтау және пациенттерге сапалы көмек көрсету үшін өте маңызды.

Шидербай Айдана Әсетқызы,
ШЖҚ«Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК МІ 412-тобының студенті,
жетекшісі Кадирова Гульшат Абдуллаевна.

Денсаулық сақтау саласындағы үнемді технологиялар

Үнемді өндіріс – бұл кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру мақсатында тауарларды өндіруге және ең аз уақыт пен қаржылық шығындармен қызмет көрсетуге бағытталған әдістер мен құралдардың жиынтығы. Егер үнемді өндірісті Денсаулық сақтау міндеттерімен біріктірсек, онда үнемді емхана формуласын аламыз. Үнемді денсаулық сақтау дегеніміз – бұл сапаның жоғары деңгейімен, шығындарын азайтатын және медициналық көмек көрсетудің оңтайлы мерзімі бар денсаулық сақтау жүйесін құру үшін пайдалануға болатын құралдар жиынтығы. Бүгінде медицина қызметкерлері уақытының жартысын пациентке арнамайды. Бұл емнің тиімділігін төмендетіп, пациенттің қанағаттанбауын арттырады.

Үнемді әдістерді енгізу мыналарға мүмкіндік береді:

- қызмет өнімділігін арттыру;
- жоғалтуларды азайту немесе жою, сол арқылы тиімділікті арттыру;
- пациенттердің де, қызметкерлердің де қанағаттануын арттыру;
- шығындарды азайту;
- пациенттерге көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін арттыру.

Үнемді емханаңды енгізудің қандай пайдасы бар?

1.Медициналық ұйымдардағы жоғары басшылар стратегиялық шешімдерді әзірлейді, ал бөлім басшылары операциялық қызметке назар аударады және ағымдағы міндеттерді шешеді. 2. Навигациялық жүйелер пациенттер мен келушілердің өмірін жеңілдетеді, бұл оларға медициналық қызметтерді алу үшін қажетті кеңсені іздеуге кететін уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. 3. Жұмыс орындарын ыңғайлы ұйымдастыру қызметкерлерге медициналық көмек көрсету үшін қажетті құралдар мен медициналық құралдарды қажетсіз іздеуден аулақ болуға көмектеседі.

Халықаралық авторлардың әдебиетін зерттей отырып, «Бережливое производство» «Үнемді технологиялар»бағдарламаларын енгізу арқылы медициналық қызметтердің сапасын жақсартып, соның нәтижесінде пациенттердің қанағаттанушылығын арттыруға болатынын айтуға болады.

Өзгерістерді талап ететін негізгі бағыттар мыналар:

1. Регистратура жұмысының оңтайландырылуы
2. Диспансеризация мен профилактикалық тексерулердің ұйымдастырылуы
3. Дәрігерлер мен медбикелердің арасында функцияларды қайта бөлу
4. Зертханалық диагностика кабинеттеріндегі жұмыс кеңістігін рационализациялау
5. Пациенттердің поликлиникада жайлы болуын қамтамасыз ету

Әлемдік тәжірибе негізінде үнемді технологиялар (бережливые технология)медициналық ұйымдарға кеңінен енгізу, тек жеке процестерді оңтайландыру мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар бөлімшелердің жұмысын да жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетуге болады: регистратура, қан алу кабинеттері, процедуралық кабинеттер, сондай-ақ ересектер мен балалардың диспансеризациясы мен профилактикалық тексерулерін ұйымдастыру.

Амина Джумабаева,
ШЖҚ «Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі» МКК студенті

Сүтбезі қатерлі ісігінің алдын алудағы мейірбикенің рөлі

Сүт безі қатерлі ісігі – әйелдер арасында ең жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес, жыл сайын миллиондаған әйел осы диагнозды алады. Сүт безі қатерлі ісігі ерте анықталған жағдайда емдеуге жақсы мүмкіндік береді, сондықтан аурудың негізгі белгілерін білу және алдын алу шараларын қолдану өте маңызды.

Сүт безі қатерлі ісігінің нақты бір себебі анықталмаған, бірақ оның пайда болуына әсер ететін бірнеше қауіп факторлары бар:

- Генетикалық бейімділік – егер отбасында (ана, әпке, әже) осы аурумен ауырған адамдар болса, қатерлі ісік қаупі жоғарылайды.
- Гормоналды өзгерістер – эстроген гормонының жоғары деңгейі қатерлі ісік жасушаларының өсуіне ықпал етуі мүмкін.
- Қартаю – 50 жастан асқан әйелдерде сүт безі қатерлі ісігінің даму ықтималдығы жоғары.
- Семіздік – артық салмақ гормоналды тепе-теңдікті бұзып, ісік дамуына жағдай жасайды.
- Алкоголь және темекі шегу – зиянды әдеттер иммундық жүйені әлсіретіп, рак жасушаларының көбеюіне жол ашады.
- Радиациялық әсер – кеуде қуысына жасалған сәулелік терапия немесе радиоактивті сәулеленуге ұшырау қатерлі ісік қаупін арттыруы мүмкін.

Алдын алу шаралары

Сүт безі қатерлі ісігінің алдын алу үшін келесі шараларды сақтау ұсынылады:

- Жыл сайын маммологқа қаралу (40 жастан асқан әйелдер үшін маммографияны жылына бір рет жасау ұсынылады). Өзін-өзі тексеру – ай сайын айна алдында кеудені қолмен тексеріп, түйіндер немесе өзгерістер бар-жоғын бақылау. Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты – майлы және өңделген тағамдардан бас тартып, көкөніс пен жемістерді көп тұтыну. Физикалық белсенділік – артық салмақтың алдын алу үшін жаттығу жасау. Темекі мен алкогольден бас тарту – зиянды әдеттерден арылу арқылы онкологиялық аурулардың даму қаупін төмендетуге болады.
- Мейірбикенің негізгі рөлі:
- Ағарту жұмыстары – әйелдерге өзін-өзі тексеру әдістерін үйрету, қатерлі ісіктің алғашқы белгілері туралы ақпарат беру. Скринингтік бағдарламаларға қатысу – әйелдерді маммографиядан уақтылы өтуге шақыру, дәрігерлік тексерулерді ұйымдастыру. Салауатты өмір салтын насихаттау – дұрыс тамақтану, дене белсенділігі және зиянды әдеттерден бас тартудың маңыздылығын түсіндіру. Психологиялық қолдау – онкологиялық қауіпі бар немесе диагноз қойылған науқастарға моральдық және психологиялық көмек көрсету. Медициналық көмек көрсету – дәрігер тағайындаған емдік процедураларды орындау, емдеу процесін бақылау. Мейірбикелердің сүт безі қатерлі ісігінің алдын алудағы рөлі өте маңызды. Олар халықты ақпараттандыру, скринингке тарту, психологиялық қолдау көрсету және аурудың алдын алу шараларын ұйымдастыру арқылы қоғам денсаулығын жақсартуға үлес қосады. Осылайша, мейірбикелердің белсенді қатысуы арқылы сүт безі қатерлі ісігінің таралуын азайтуға және өлім-жітімді төмендетуге болады.

Чайзаданова Данара Фархатқызы,
Талдықорған жоғары медициналық колледжінің МІ-412 топ білімгері
Ғылыми жетекшісі: Жомартбекова Арайлым Санатқызы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУДЫҢ МАЙДАНГЕР АРУ ҚЫРАНДАРЫ

1939-1945 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ СОҒЫС МИЛЛИОНДАҒАН АДАМДАРДЫҢ ӨМІРІН ҚИЫП, ЖАРТЫ ӘЛЕМДІ ТЕНТІРЕТІП, ЖҮЗДЕГЕН ҚАЛА МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ТЫП-ТИПЫЛ ЕТТІ. АЗАМАТТЫҢ ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТПЕН ҚИСАПСЫЗ ҚЫРҒЫНҒА ҰШЫРАТҚАН ҰЛЫ НӘУБЕТ БОЛАТЫН. СӨЙТІП ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ДЕЙМІЗ БЕ, ЖОҚ ӘЛДЕ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ДЕЙМІЗ БЕ, ӘР ҮЙГЕ, ӘР ОТБАСЫНЫҢ ӨМІРІНЕ ЖАЗЫЛМАС ҚАЙҒЫЛЫ ЖАРАНЫҢ ІЗІН ҚАЛДЫРДЫ. МИЛЛИОНДАҒАН ШАҢЫРАҚТЫ ОЙСЫРАТЫП, МИЛЛИОНДАҒАН АДАМНЫҢ ЖАНЫН ЖАЛМАДЫ.

Құлтай Нұрқабылұлы

Сол күндерден, сол жылдардан арқасүйер азаматынан айырылған, қайғыдан қан жұтқан әйелдердің жүрегінде өшпес жара қалды, әкесінен асыраушысынан айырылған, асқар тауы шағылған баланың жігері құм, жаны жараға толы еді. Баласынан қара жамылып, қаңырап қалған ананың көз жасы жанарында тұнып қалғанын қайтерсіз?

Бел баласынан бой үзіп, жаны ауырып, жүрегі сыздаған қарт әкенің «Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба, Сарыарқаны сандалсам, саңлағымды табам ба, өлім деген у екен, мендей кәріп адамға, күнде үйімде күңіренемін көзіме жас алам да» деп, 100-ге келген Жамбыл Жабаевша жабырқаған адам қаншама...

Биыл бұрынғы Кеңестер Одағының құрамындағы республикалардың кейбіреуі атап өтейін деп жатқан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының 80-жылдығы аталмақшы.

Біз қазақ сол нәубет кесірінен қайғылы жылдарды басымыздан кештік. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайраты мен бірлігінің дәлелі еді.

Жерлестеріміз майдан төсінде ерлікпен шайқасты. Сол жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500 - ден аса қазақстандық Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам жауынгер Даңқ орденін иеленді. Оның ішінде 37 Жетісулық Кеңес Одағының батыры, 5-і Даңқ орденінің толық иегері атанды.Өкінішке орай, бұлардың біреуі де биылғы 80-жылдығы аталатын Жеңіс күніне жете алмады.

Ең соңғы Қазақстандық Кеңес Одағының батыры үштөбелік Иван Васильевич Косенков 2015 жылы 17 қыркүйекте 92 жасында өмірден озды.

Соғыс кезінде 11739 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Олардың арасын 95 әйел бар.

Біз Жетісулық жауынгер ұл-қыздарымыздың ерлігін еш уақытта ұмытпаймыз, ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды дегім келеді. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін - соғыс. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта Алтын әріппен жазылатын қайғылы, қасіретті оқиға.

Жетісулық жауынгер ардагерлеріміздің жанымен, қанымен, көз жасымен, ерлігімен, намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай жеңістің таңбасын басқан ұлы күн-Жеңіс күні...

Біз әдетте, әскер, соғыс туралы сөз болғанда жуан білек, апайтөс ер сарбаздар көзге елестейтін. Бірақ еліміздің қарулы күштері қатарында сұлулығы мен жауынгерлік өнерімен, тапқырлығымен, білімділігімен талайды таңғалдыратын, инабатты, қайсар мінезімен көпке үлгі болатын нәзік жандылар арамызда жетерлік.

Елге жау шапқанда қолға қару алып,ерлермен бірге әйелдердің де батырлығы, ерлігі әлем және қазақ тарихында мәлім.

Тұмар (Томирис) - Тұран патшасы Афрасиабтың қызы. Патшайым болып ел басқарған **батыр қыз Зарина** - сақ патшасының қызы ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді. «Жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да жоғары нәрсе бар, ол – менің елім», – дейді Зарина.

Айтолқын - Абылай ханның қызы. Бұл батыр қыздарымыз ұлттың намысын ту етіп, халық тағдыры үшін ерлермен бірге қан майданда ерлік көрсеткен батыл жан.

Бопай - Кенесары ханның қарындасы 500 сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ерен ерлік көрсеткен батыр қыз.

Малайсары және Қабанбай батырлармен бірге жоңғарларға қарсы соғысқан Гауһарды айтпасқа болмас.

Ботагөз - Есет батыр Көкіұлының қызы батылдығымен, батырлығымен аты аңызға айналған қаһарман қазақ қызы.

Мұндай батыр ару қырандарымыздың қатарын Ұлы Отан соғысы мен Тәуелсіздік құрбандары да толықтыра түсер.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы Кеңес одағының батырлары ***пулеметші* Мәншүк Мәметова, мерген Әлия Молдағұлова, ұшқыш Хиуаз Доспанова, зенитші Аклима Ақжолова, жауынгер Алтыншаш Нұрғожаева** тағы да басқа ару батырларымыздың ерлігін әлі күнге мақтанышпен айтамыз.

Қазақстаннан майданға 9500 қыз-келіншек аттанған. Олар қай майданда болмасын батырлық пен табандылықтың, Отанға шексіз берілгендіктің жарқын үлгілерін көрсетті. Аяғына солдат етігін киіп қазақтың туған қасиетті жерінен Берлинге дейін соғыс азабын көріп барды. Рейхстагта желбіреген жеңістің қызыл туында қазақ қыздарының да даңқты жолы,ерлік үлесі барлығын айтуымыз керек.

Белгілі ғалым, тарихшы Манаш Қозыбаев өз еркімен майданға сұранып, өтініш жазған қазақстандықтардың 40% қыз-келіншек болғанын айтады.

Мен тарихшы ретінде 1985-жылдан республика, облыс, кейбір аудандардың газет-журналдарына шыққан Жетісудың ұл-қыздарының екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан мақалаларын жинақтап жүрдім. 40 жылда талай 3-4 кітап болатын құнды тарихи деректер жиналыпты.

Жетісулық қайсар қаһармандардың өмірдерегін білу және оларды құрметтеу, келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін Жеңісті жақындату жолында майданда соғысқан және тылда еңбек еткен ардагерлеріміздің еңбектерін ұмытпау – әрбіріміздің қасиетті адами парызымыз.

Осы мақаламда келтірген кейбір сандарды әлі де болса зерттеп, анықтап, жаңа деректермен салыстырып, пайдаланған жөн болар деймін.

Ұлы Отан соғысының 50, 60, 70 жылдығында мақалалар жинағын шығарамын деп, Талдықорған, Алматы облысы, Талдықорған қала басшылығына ұсыныс жасап едім қолдау таппадым. Менің қолымнан бір ғана зат келмейді - ол компьютерді тере (баса) алмайтындығым. Бұрын бір бет қағазды басу 50 тиын еді, қазір 200 сомнан 500 сомға дейін жоғарылады. Тарихи тағылымды кітап шығару- қолдаусыз өте қиын. Соның өзінде Жетісудың тарихы мен тарихи тұлғаларына арнап 47 кітап шығарыппын.

Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арнап осы арнайы Жетісудың жауынгер ару қырандары туралы мақала дайындадым.

Маған дейін бұл тақырыпта тек жеке тұлғалар,не екі-үш жауынгер қыз-келіншектер туралы мақалалар жазылған екен.

Қарымды журналист Қанапия Бекетаев «Сексен сегіз қыз» деген 72 беттен тұратын (Алматы, Жалын баспасы, 1977) Алматы облысының 15-17 жастағы қыздардың 1943-1946 жылдары соғыс болып жатқан Сталинград қаласын қалпына келтіруге атсалысқан 88 қыз туралы хикая жазған екен. Кейін бұл журналист осы Сталинградта болған Жамбыл, Қаскелең ауданында өмір сүріп жатқан 11 қыз туралы 10 беттік мақала жазыпты. («Ел ырысы - ерліктің бір ісі») (құрастырған М.Қазбеков, Алматы «Қазақстан» 1983, 50-60 бет)

Мен Сталинград қаласында сол отты жылдарда 88 қыздың бірі Алакөл ауданы Жайпақ (Коммунизм) ауылының тумасы Нұрғайша Досбекенова (1928-2014 ж) батыр ана 11 бала тәрбиелеп өсіргені туралы «Алатау» газетіне 03.05.2019 жылы №17 екі беттік «Сталинград қырғынының куәгері болған батыр ана» мақаласын жарияладым.

Нұрғайша - батыр апаның өмірі туралы деректер менің атымнан Жетісу облысында тұңғыш шыққан «Атамекен Алакөл » энциклопедиясының 140 - бетінде басылды.

Бұл энциклопедияны материалын жинап, басып шығаруда белгілі журналист, ақын, жазушы, қоғам қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы Алакөл өңірінің тумасы Ахметбек Кендірбекұлының еңбегі зор. (Алматы, «Жамбыл» баспасы, 2022, 500 бет)

Тұңғыш анықтамалық энциклопедия ерекше түрлі-түсті 1350 фотосуретпен, 3500 ақпаратпен, Алакөл ауданының тарихы, тарихи тұлғалары, жер-су аттары, флорасы мен фаунасы, тағы да басқа деректермен қамтылған. Ақпараттар алфавитінің әрі ішкі әріптің орналасу ретімен жүйеленіп берілген.

Бірақ бұл баға жетпес облыста алғашқы шыққан анықтамалық энциклопедияны облыс әкімдігі немесе басқа құзырлы да ұйымдар уақытында бағаламады.

Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер қыз-келіншектер туралы арнайы 3 зерттеу кітабы шыққан:

– Нұрбекова г. – «Женщины Казахстана фронту». Алматы баспасы, 1968.

– Қасымова Б. – «Қазақстанның қыздары Ұлы Отан соғысы жылдарында», Астана баспасы, 2005.

– Игсатова Д., Асанова Д.- «Женщины Казахстана на войне 1941-45гг.», издательство Баласағун деген зерттеу кітаптарында Жетісудың 10ға жуық ару қырандары туралы мақалалар басылған.

Ал біз неге облыс әкімінің қолдауымен Жетісудың жауынгер қыз-келіншектеріне арналған кітап шығармаймыз? - деген заңды сұрақ туындайды.

Осы ару қырандарына арналған мақаланы жазбас бұрын 1985 жылдан бүгінге дейін жиналған мақалаларды, шыққан әдебиеттерді парақтап шығып, туған, өскен, қызмет атқарған жерлерін жазып, жас ұрпаққа жеткізуді дұрыс көрдім. Олардың аты-жөнін толық жазып, болашақта өздері батыр, қайсар әжелерінің өмірлерін зерттеп, зерделеп жазатындығына сенімдімін. Әрине, 80 жыл аз уақыт емес. Бұған жауынгер әжелерінің сол уақыттағы 20-25 жасын қоссаң 100 жылдан асады екен.

Кеңес Одағының армия мен флот қатарына 190 мың әйелдер алынған, ал Отан соғысы майдандарына 330 мың әйелдер қатысқан, оның 150 мыңы жауынгер әйелдері ордендер мен медальдармен марапатталғаны туралы дереккөздерінде жазылған.

Ал Жетісу облысынан қанша қыз-келіншектер соғысқа аттанғаны туралы құжат кездестірмедім. Тек Талдықорған облысының Мұхаметжан Тынышпаев атындағы өлкетану музейінің бұрынғы аға қызметкері Татьяна Ли өз мақаласында «300 қыз-келіншек соғысқа қатысқан» деп жазған, өкінішке орай мәліметтің қайдан, қай деректерден алғанын жазбапты («Огни Алатау» 31.01.2015 жыл.)

Ұлы Отан соғысында Жетісулық майдангер арулар армен намысты биік ұстап, ерлігімен ұрпаққа ұран болған ата-бабаларынаң өсиеттеріне адар, қайтпас ер халық екенін әлемге әйгіледі. Олардың ерлігі соғыс басталған күннен бастап тарихи шежіреге айналды.

Мен өзімде бар 1985 жылдан бері жинап жүрген мақалалардан Жетісу өңірінен 86 ару қырандар қанды соғысқа қатысқанын анықтадым және бұл зерттеуімді әлі де жалғастыра беремін.

Енді соғысқа қатысқан Жетісудың сол батыр, қайсар қыз-келіншектердің өмірдерегін ұрпақтарына және қалың оқырманға арнап беруді жөн көрдім.

(13 беттен қараңыз)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕРЖҮРЕК ЖАУЫНГЕР АРУЛАРДЫҢ ӨМІРДЕРЕГІ

ХАЛИДА ЕСЕНҚҰЛҚЫЗЫ МАМАНОВА

1918 жылы 24 наурызда Жетісу облысы Ақсу ауданы Қарағаш деген жерде дүниеге келген. Атасы Маманның тегі – он бесінші ғасырда Баян ханнан басталып, матай Бөрібай батыр, Қаптағай батыр, Қыдырәлі би, Қалқабай Дәсетұлы, Тәнеке батыр, Маман бай болып жалғасады.

Бұл көп тараған қасиетті, дәулетті ұрпақтың әрқайсысы болашақ үшін Жетісу тарихында жеке-жеке қолтаңба қалдырғандар. Мамановтар тұңғыш рет жер жаннаты Жетісуда алғашқы «Мамания» мектебін ашқан белгілі әулет.

Сол текті, білімді, бай, көп тараған дәулеттен шыққан Халида да тарихта өз ізін қалдырған. Маман Тұрысбектің ұл-қыздары Кеңестік жүйенің диірмен тасына ұшыраған, құдалауға түскен. Қазан төңкерісінен кейін Мамановтар әулетінен 15 адамды атып тастаған. 36 отбасын итжеккенге айдаған. Халиданың әкесін Қазақстаннан тыс жерге жер аударады.

Халида ханым өмір бойы «халық жауының» қызы аталған. Қайсар, өжет, білімді, білікті жоғары білімді дәрігер 1942 жылы ақпан айында өзі сұранып соғысқа аттанып, «штрафбатта» байдың тұқымы болғандықтан сенімсіз адамдар санатына жатқызылып, қазақ қызы майданда бейіт пен окоптың жерін қазып, ауыр жұмысқа жегілді.

Өзіне тиесілі шенін ала алмай, мамандығы бойынша жұмыс істей алмаған Халида сол кездегі Кеңес Одағының басшысы И.В.Сталинге : «егерде мен «халық жауы» болсам онда мені штрафбатқа жіберіңіз. Егер тірі қалсам менің және туыстарымның мойнындағы бүкіл айыпты алып тастаңыз!»-деп хат жазады.

Қайсар Халида қыз осы хаттан кейін дегеніне жетті. Штрафбаттағы сотталғандар мен саяси тұтқындармен бірге соғыстың ең сұрапыл алдыңғы нүктелерінде болып, Берлинге дейін шайқасты. 1945 жылы 26 желтоқсанда жарақат алуына байланысты әскер қатарынан босатылып, соғыстан «капитан» шенімен Отанына аман-есен оралып, ғылымға ден қойып, медицина ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне жетті. Докторлық диссертациясын 1969 жылы Мәскеуде қорғады.

1977 жылы 15 тамызда Болгарияға іс-сапармен барғанда «Алтын құм» санаториясының жағалауында жұмбақ өліммен мерт болған. Марқұмның денесін жерлеуге туыстарына екі апта бойы бермеген...

Қайсар, өжет, білімді Халида Есенқұлқызы Маманова тек 1993 жылы 13 сәуірде ғана репрессиядан зардап шегуші – деп танылып, ақталған. Бір өкініштісі, Халида жауынгер, дәрігер, беделді апамыз бұл күнді - Жеңістің 80 жылдығын көзімен көре алмай кетті.

БИҒАЙША ҚҰНДАҚБАЕВА

Алғыр, өжет, ата-анасынан ерте айырылған. Үштөбе, Есік балалар үйінде тәрбиеленген. 1939 жылы Алматы медицина институтына түсті. 1942 жылы 13 сәуірде өз еркімен Отан қорғауға аттанады. Туркменияның Красноводск қаласында 6 ай телефоншы - барлаушы оқу-жаттығу курсынан өтіп, екінші Беларусь майданына аттанған еді. Байланысшыларға жіберілген 300 қыздың 3 ғана қазақ арулары еді. Солардың бірі Роза Шамжанова болатын. Ол соғыстан кейін ұзақ жылдар бойы шетелдермен достық байланыс жөніндегі Қазақ қоғамы республикалық Комитетінің жауапты хатшысы қызметін атқарған. Екінші қыз Сәлима – Семейдің қызы болған. Ал кеше ғана дәрігер боламын деп жүрген үшінші қыз Биғайша мойнына автомат асынып, иығына байланыс аппаратын көтеріп, солдат болып шыға келді. Соғыс жылдары партия қатарына алынды. Екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, 10 медальмен марпатталды.

...Сарыла жүріп, зорыға күткен Жеңіс те жетіп 1945 жылдың күзінде елге оралды. Киров ауданы Бозтоған ауылына келіп, Брест қамалын қорғаушы Нұрлыбай Сабырбаевпен бас қосты. Өмірге үш қыз Роза, Арынғазы, Гүлнар келді. 30 жыл Кеңес одағының батыры М.Сеңгірбаев атындағы орта мектепте мұғалім болды.

ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 257ші Қаулысына сәйкес Көксу ауданы Балпық би кентіндегі нөмірі 1ші орта мектепке Ұлы Отан соғысының ардагері , құрметті ұстаз Биғайша Құндақбаеваның есімі берілді. Жарлыөзек ауылдық округіндегі бір көше оның атымен аталды.

Қазақтың қайсар қызы, айбынды жауынгер, ардақты ана, мейірімді әже, ұлағатты ұстаз Биғайша апай ұрпақтары есінде мәңгі сақталады.

ЕСБОЛАТОВА АЛТЫНШАШ ЖАЙНАҚҚЫЗЫ

Майдангер паровозшы апай аталып кеткен - Есболатова Алтыншаш Жайнаққызы 1923 жылы 1 қаңтарда жер жаннаты Жетісудың «Бұрған» ауылында дүниеге келген. I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінің және соғыстағы «Ерен еңбегі үшін» медалінің басқа да 20-ға жуық жауынгерлік төсбелгілердің иегері.

Облыстың, Талдықорған қаласының құрметті азаматы туралы көп те, аз да айтуға болады. Аты айтып тұрғандай Жетісу облысының аруларының ардақтысы, құрметтісі, кейбір ер адамдардың қолынан келмейтін ерен еңбек атқарған соғыстың оғын, соғыстың атын көрген қасиетті аналардың бірі.

Теміржол бойында туып өскен, Түркісібтің тарландары сияқты теміржолшы болуды армандаған қайсар Алтынай қыз Алматы теміржол училищесіне түседі. 1941 жылы оны бітіріп, сол жылы 26 шілдеде құрдастарымен бірге ерекше режимдегі поезд құрамасымен майданға аттанады.Алғашында кондуктор болып бастап, кейін паровоз айдайтын машинист болады.

Алтынай Жайнаққызы сол поезд құрамымен Германияға дейін жетіп, соғыстың жойқын жалын шашқан талай тамұқ отынан өтеді. Поезд құрамын бірнеше рет жау самолеттері бомбалап, шойын жолдарды істен шығарады. Соған қарамастан составты қаймықпай жүргізіп, діттеген жерге қалай да жетудің қамын жасайды. Осы жолда өзіне үлкен жауапкершілік жүктеген жұмыстың бірі - қолға түскен 12000 немісті конвойлап тасығаны. Бұл бір қорқынышты да аса



Алтынай Есболатова мінген паровоз Шымкентте сақтаулы

жауапты іс болды. Талдырмаш қазақтың қара қызы оны да абыроймен атқара алды.

Ардагер соғыста оқ пен оттың астында қалған бір оқиғаны естен шығармайды. Днепр өзенінің теміржол көпірінде бомба жарылып, быт-шыты шығады. Бораған оқтың астында жүріп, көпірді қалпына келтіру жұмысына қатысады. Ол Бас қолбасшының ерекше тапсырмасы бойынша іске асады. Сол үшін арнайы «Сталиндік шақырудың екпіндісі» медалімен марапатталады.

Өмірлік жары Данабек екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірген. 6 немеренің, екі шөберенің әжесі атанды. Жер жаннаты Жетісудың даңқты Алтынай Жайнаққызы 2021 жылы 14 шілдеде 98 жасында дүние салды.

«Тау алыстаған сайын, биіктемейді», - дейді халық даналығы. Қайсар қалпы, биік болмысты қарапайым да мейірбан жүрек - Алтынай Есболатованың ерлік пен еңбекке толы ғұмыры әрдайым өнеге болып қала бермек. Ардақты тұлғаның аяулы бейнесі ұрпақтар жадында сақталады демекпіз.

ҰШҚЫШ БИБІНҰР ТЫНЫСБЕКОВА

Жетісу жерінің ең көркі жері, талай қазақтың тарихи тұлғалары шыққан тарихы мол Ақсу ауданы, Ақсу ауылында 1924 жылы туған. Әкесі әскери адам. Қазақстанда, Қиыр Шығыста, Украинада қызмет атқарған. Украинада тұрғанда соғыс басталып, жанұясын Қазақстанға аттандырған.

Қазақтың 18-дегі қайсар қызы 1942 жылы мамыр айында әскер қатарына өз еркімен алынып, арнайы курстан өтіп, автотехник және радист мамандығын алады. Солтүстік-Батыс және 3-ші Белорус, 2-ші Прибалтика әскерінде ерлік көрсетеді. Аға сержант Б. Тынысбекованың әкесі 1943 жылы соғыста қайтыс болғаны оған өте ауыр тиді. Бибінұрға бомбаны қыстыру, самолеттің техникалық жағдайын бақылау тағыда басқа жұмыстар оңай болған жоқ. Соғыста екі рет контузия алды, бірнеше рет аяғын үсітіп алды. Госпитальдан шыққан соң қайтадан самолетке отырған. 1945 жыл 9 мамыр Жеңіс күнін ақсулық жауынгер қыз екінші топ мүгедегі болып Берлинде қарсы алды. Соғыстан кейін қайсар қыз өзі сияқты жауынгер жігітке тұрмысқа шығып, өмірге Бақыт деген ұл келді. Соғыс жалынын бірге көрген Кеңес Одағының батыры, құрбысы Марина Чечнева қазақтың қаһарман қызы апамыз туралы өз естелік кітабында жазып қалдырған. Ол қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаевтың аппаратында қызмет істеген, 1987 жылы Алматы қалалық Ардагерлер Кеңесін құрған майдангер.

СУГУРОВА (ИСАЕВА) НАТАЛЬЯ АЛЕКСАНДРОВНА

1923 жылы 23 тамызда Мәскеу облысында туған. 1941 жылы 22 маусым күні Ұлы Отан соғысы басталды. Сол күні жас қайсар қыз военкоматқы барып,соғысқа жіберуді өтінеді. Жас әскерге арналған арнайы курстан өтеді.

Москва қаласының жанындағы Лосино остров станциясындағы орналасқан 31-ші зенитті – артиллерия дивизиясының 176-шы зенитно-прожектор полкына жіберіледі.

Онда ол мамандығы бойынша Әуе күштерінің Отан жерінде ұшып жүрген жау самолеттарының қай жерде, қай биіктікте, қандай маркалы самолет екенін бақылайтын, анықтайтын болған. Бұл мамандық әскери мамандық бойынша «слухач» деп аталатын.

Жас, қайратты, өз ісіне шебер Наталья Александровна алған мәліметтерін дереу дивизия басшылыығна жіберіп тұрған. Ол әскери және саяси дайындықтың үздігі атанған.

Соғыс аяқталғанша сол Москва маңындағы зениттік - артиллерия дивизиясында адал, абыройлы қызмет атқарды. 1945 жылы Москвада өткен Жеңіс парадына қатысқан. Ерлігі үшін «Отан соғысы» орденінің екінші дәрежесін, «Москва қаласын қорғағаны үшін» және тағы да басқа онна асқан жауынгерлдік медальдармен марапатталған.

Москвалық Исаева Наталья Александровна Москва қаласының түбіндегі Дмитрев қаласында 1946 жылы Көксулық жауынгер Сүгіров Сатыбалды ағаймен кездесіп, қазақ жеріне, қазақ еліне жол тартқан.

Сатыбалды ағамыз бен Наталья жеңгеміздің Татьяна, Жамиля, Болат, Гүлнар, Марат атты ұл-қыздарды тәрбиелеп, немере-шөбере сүйген бақытты ата-әже атанды.

Жауынгер-ұстаз 2012 жылы 25-ші қарашада өмірден өткен.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШӨБЕРЕНІҢ ЕСТЕЛІГІ

ҚҰРМЕТТІ «АЛАТАУ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ! «АТАМНЫҢ АТЫ ӨШПЕСІН» БАЙҚАУЫНА ЖІБЕРГЕН МАТЕРИАЛЫМДЫ ҚАБЫЛ АЛЫҢЫЗ – ДЕПТІ АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫ ДИЛЯРА. АТАҚТЫ БАТЫРДЫҢ ШӨБЕРЕСІ ЖІБЕРГЕН МАҚАЛАСЫН ОҚЫП КӨРІҢІЗ.

Жетісу облысының Көксу ауданында дүниеге келген менің атам соғысқа қатысып, батыр болған кісі екен. Ол кісінің аты Темірғали Исабаев. Ол кісі қазір жоқ... Анамның айтуынша, атам соғысқа қатысып, немістерді жеңіп қайтқан батыр. Үйде төрде үлкен атамның суреті ілулі тұр. Суретте оның омырауы толған ордендер мен медальдар. Менің әкем ол ордендерді Темірғали атам не үшін алғанын кезінде маған түсіндіріп берген еді.

Темірғали атам соғыстың барлық майдандарында неміспен соғысып, үш рет жараланып, соғыстан елге 1946 жылы қайтыпты. Жауды жеңіп, Берлинде 1945 жылы 9 мамырда Жеңіс күнін қарсы алған. Одан кейін Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысып, қайтадан Кеңес әскері қатарында 1946 жылға дейін болған. Оның омырауындағы ордендер ішіндегі ең құрметтісі, папамның айтуынша, Даңқ ордені екен. Ал менің жауынгер атам Темірғали осы орденді 4 рет алыпты. 3-ші дәрежелі орденді 2 рет алған: бірі - Қырым үшін шайқаста(1943 жылы), екіншісі – ұмытып қалмасам, Кеннисбергтегі шайқас, 1944 жылы 18 қаңтарда. Екінші дәрежелі Даңқ орденімен 1944 жылдың сәуірінде Севастополь үшін шайқаста, ал Бірінші дәрежелі Даңқ орденімен 1945 жылы маусымда марапатталған.

Мен соғыс туралы кинаны жақсы көремін. Себебі ол киноларда біздің солдаттар үнемі жеңіске жетіп отырады. Кейде ойлаймын, неге менің атам туралы хабар жоқ? – деп...Ол кісінің тірі кезінде соны жасауға болатын еді ғой деп ойлаймын.

Немересі Исабаев Данияр және шөбересі Ислам

Папамның айтуынша, Даңқ ордені кез келген жауынгерге берілмей, тек асқан ерлігі үшін ғана беріледі екен. Ол орденнің өзі Сталиннің бұйрығымен 1943 жылдың қараша айында тағайындалыпты. Осы орденмен қазақстан жауынгерлерінің 113 наградталыпты, соның бірі менің үлкен атам Темірғали Исабаев екенін мен мақтан етемін. Достарыма білгенімше айтып отырамын атамның тағдырын.

Біз соғыс туралы әңгімелерді оқымаған соң көп біле бермейміз. Бірақ, Данияр ағамыздың айтуынша, «Даңқ» орденінің толық иегерлері бейбіт өмірде болсын, майданда болсын КСРО-ның батырларына теңестірілген. Бұл айтылмаған ақиқат – дейді ол. Сондықтан Темірғали атамыз Даңқ орденінің толық иегері ғана емес, КСРО батыры деуге тұратын батыр деп есептеймін мен.

Менің атам жараланғаннан кейін үнемі қатарға қайта қосылып, немістермен шайқасын жалғастыра берген. Атқыштар полкінен кейін зеңбірекші де, пулеметші де болып неміс басқыншыларымен шайқасқан батыр атаның үлкен ағаларыма айтып берген қызық әңгімесі бар. Олар Жеңіс күні болған сайын Темірғали атаның ерліктерін еске түсіріп айтып отырады.

Соның бірін сіздерге айтып берейін.

деген өлеңді қатты сынап еді: «Ақ жаңбыр жауып басыла салушы ма еді?» - деп.

Сол өлеңнің авторы ол кезде (1968ж) жас ақын саналатын Тұманбай Молдағалиев еді.

Ендігі айтатын әннің сөздері: «Еннестейміз?(енді не істейміз?), шип-шип, аспанға қараймын, жұлдызды санаймын, мы из девяноста» т.т.

Еш жерде көркемдік кеңес жоқ сияқты, бетімен кеткен.

АЛ, БӘСЕ ЕНДІ НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Тілдің қамын құрсақтағы баладан бастау керек. Әуелі ата-анамен жұмыс істеу керек. Аяғы ауыр келіншектің тұла бойы, рухы қазаққа бейімделуі керек. Киетін көйлегі, оқитын әдебиеті, кеңесетін дәрігері, ішетін асы т.б - бәрі «қазақша сөйлеуі керек», яғни ұлттық рух керек.

Балабақша, мектеп, орта және жоғары оқу орындарында пән сауаттылығын, тіл мәдениетін жолға қою керек. Тіл фестивальдары болса.

ҰБТ кезінде қазақ тілі мен әдебиеті тест түрінде өтуі дұрыс емес. Шығарма, мазмұндама, диктант жазып, ауызша әңгімелеу түрінде сынақ алынса.

Оқытушылардың барлығының қазақ тілін білу дәрежесін көтеру керек. Көшедегі жарнама, ұран, цитаталар тексеруден өтіп барып ілінуі керек.

Жауапты қызметтерге ана тілін жақсы білетіндерді ғана алу керек. Тілді мойындамағандарға белгілі бір шектеулер қойылып әр мекемеде ана тілін насихаттауға арналған іс-шаралар, жарыстар өтіп, марапаттар берілсе, Қазақ тілі қоғамы жұмысын жандандырса, жалпы халыққа істеліп жатқан жұмыстарды жеткізіп отырғаны дұрыс болар еді.

Іс қағаздары, нотариус құжаттары, төлем түбіртектері түгел қазақшаланса, ештеңе бүлінбейді.

Көше аттары тек қазақша жазылмайынша Назарбаева, Аблайхана деуді қоймаймыз. Мекеме аттарын екі тілде жазбаса да болар еді-ау. Адасып кететін кім бар? Қоғамдық көлік жүргізушілерін таза қазақ тілінде сөйлеуге міндеттеу керек. Мектеп оқушыларына балаларды қызықтыратын заманауи оқиғаларға байланысты шығармаларды енгізу керек. Мектепке дейінгі мекемелерде, үйде қазақша сапалы, қызық мультфильмдер көрсетіліп, «Балапан» бағдарламасының материалдары қазақ әдеби мұрасын насихаттап, беріліп жатқан балалар хабарлары бала қызығатындай өзгертіп, ұлттық бояуы қанық ертегі, эпостарымызды тек қазақша жеткізіп жатса шіркін.

Қазір үрдіске айналып жатқан «Диснейленд» шығармаларын аударып, шығындалу бекер. Оны балалар орыс тілінде көріп, сол тілде тез арада сөйлеп кетіп жатыр.

Тележүргізушілердің фонетикалық, орфоэпиялық кемшіліктеріне түзету айтып отыратындай телефон нөмері көрініп тұрса, халықпен байланыс орнатса жөн болар еді.

Әрине, армандай беруге болады. Айтуға оңай. Әйтсе де кім білсін, армандар орындалады деп жүр ғой. Арман алдамайды деп те жатады. Абайша айтсақ: Біз көрмесек сіз барсыз,сіздерге бердім батамды.

Қорыта келгенде, ұлт болам десең, тіліңді түзе. Іш қазандай қайнайды...

БАҒЫМ апа
Талдықорған қаласы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКТЕМ ЛЕБІМЕН КЕЛГЕН «ҰЙҚЫАШАР»

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерінің әрқайсысы терең мағынаға ие. Әрбір салт-дәстүр – халқымыздың тұрмыс-салтынан, дүниетанымынан хабар береді. Солардың бірі – Ұйқыашар. Бұл көктемгі жаңару мен мейірімнің көрінісі, Наурыз мейрамымен қатар аталып өететін ерекше дәстүр.

Бүгінгі күні көптеген салт-дәстүр ұмытылып бара жатқанымен, «Ұйқыашар» дәстүрі өз мәнін жоғалтқан жоқ. Себебі ол тек мерекелік рәсім ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдіретін игі дәстүр. «Ұйқыашардың» мәні – адамдардың қыстан қажып шыққанын ескеріп, оларға сергектік сыйлау. Бұл дәстүрдің мәні тек дастархан жайып, тамақ берумен шектелмейді. Ол қуаныш сыйлап, көңіл-күйді көтеруге бағытталған, сонымен қатар жастар арасындағы достық пен сыйластықты арттырады. «Ұйқыашар» дәстүрі қазір де жастар арасында кеңінен таралған және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

– Ұйқыашар – қазақ жастарының басын қосатын, оларды жақындастыратын дәстүр. Бұл тек қана сыйластық емес, тәрбиелік мәні зор ғұрып. Себебі қазақ халқы әрдайым қарым-қатынасты құрмет пен ізеттілікке негіздеген, - дейді әдебиет пәні мұғалімі Жанар Рысбекова.

«Ұйқыашар» тек бір үлгіде емес, әр өңірде өзіндік ерекшеліктерімен сақталған. Қазақстанның әр аймағында бұл дәстүрдің атауы да, өткізілу жолы да сәл өзгеше болған. Батыс өңірлерде атап айтқанда Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында «Ұйқыашар» дәстүрі бойынша балықтан жасалған түрлі дәмді ас қойылады. Бұл өңірде сол күні жігіттер қыздарға арнайы қолдан жасалған бұйымдарды сыйлаған. Көбіне ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген кілемшелер, қолөнер бұйымдары болған. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, батыс өңірде бұл дәстүр жастар арасында ерекше бір мерекелік шара ретінде қарастырылып, олардың бас қосуына себеп болған. Оңтүстік өңірлерде, әсіресе Түркістан, Шымкент, Жамбыл облыстарында бұл дәстүр бойынша дастархан өте мол болып жайылады. Қыздар түрлі ұлттық тағамдарды әзірлеп, әсіресе ет, бауырсақ, жент, қымыз, шұбат, құрт-май сияқты дәмді тағамдармен жігіттерді күтеді. Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлерінде, әсіресе Павлодар, Қостанай, Семей қалаларында бұл дәстүр көбінесе Наурыз көжемен байланысты болған. Бұл аймақта қыздар таңғы ас дайындап, дастарханға құймақ, бауырсақ, май шай сияқты тағамдарды қойған. Шығыс Қазақстанда жігіттер қыздарға ұлттық әшекейлер сыйлаған. Алматы мен Жетісу өңірінде «Ұйқыашардың» тағы бір ерекшелігі – табиғат аясында өткізілуі. Бұл өңірде көктемнің алғашқы күндерінде жастар тауға немесе өзен жағасына барып арнайы ұйқыашар дастарханын жайған. Дастарханда міндетті түрде қант, бал қосылған тәтті тағамдар қойылған.

Бұрын ұйқыашардың ерекше «жасырын тағамы» болған. Қыздар бір тағамды арнайы дайындап, жігіттерге ұсынатын. Олар тағамның дәмін татып, құрамын тауып, қандай ниетпен әзірлегенін табуы керек. Сондай-ақ ұйқыашар тек үй ішінде ғана емес, арнайы киіз үйлерде ұйымдастырылған. Мұндай дәстүрлер бүгінде ұмытылып бара жатыр.

Бұл дәстүр арқылы қыздар ас әзірлеудің маңыздылығын түсініп, қонақ күту мәдениетін үйренеді. Жігіттер өз кезегінде қыздарға құрмет көрсетіп, ризашылық ретінде «Селт еткізер» сыйлығын береді. Әдетте, бұл айна, тарақ, әтір сияқты қыздарға арналған әсемдік бұйымдары болады. Мұндағы мақсат – қыздардың көңілін көтеру, мерекелік серпіліс сыйлау. Бұл рәсім жігіттердің сыпайылығын, әдептілігін көрсетеді. Халық арасында «Ұйқыашар» берген қыздың пейілі кең, селт еткізер сыйлаған жігіттің көңілі ашық» деген сөз бар. Бұл «Ұйқыашар» мен «Селт еткізердің» тек сыйлық алмасу емес, адамгершіліктің, сыйластықтың көрінісі екенін айғақтайды.

Осы туралы Үшарал қаласының тұрғыны Әлия Әліпбекова өз ойын былай білдірді:

– Меніңше, «Ұйқыашар» – өте әдемі дәстүр. Ол қыз бен жігіт арасындағы достықты, құрметті білдіреді. Біздің ауылда «Ұйқыашар» дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Әсіресе, Наурыз мейрамында қыздар жігіттерге арнап бауырсақ, құрт, тәттілер әзірлеп, арнайы шақырады. Бұл жай ғана қонақ күту емес, үлкен мағынасы бар дәстүр. Жастар арасындағы сыйластықты арттырып, жаңа таныстықтар орнатуға себеп болады. Біз де жас кезімізде осы дәстүрді қызықтап өткізетінбіз. Қазіргі жастар оны түрлі форматта атап өтсе де, ең бастысы дәстүр жалғасып жатқаны қуантады. Бұрын әжеміз бұл дәстүр туралы көп айтатын. Біз де оны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Бүгінде көптеген ұлттық дәстүрлер ұмыт қалып, заманауи өмір салты басымдық алып келеді. Әсіресе қалалық жерлерде кейбір жастар ұйқыашардың маңызын білмей, оны атап өтпейді. Мұның басты себебі, ұлттық құндылықтардың жеткілікті дәрежеде насихатталмауы. Егер біз осындай дәстүрлерді сақтап, оларды жаңаша форматта дамыта білсек, онда халқымыздың мәдниеті мен рухани байлығы одан әрі нығая түсер еді. Егер біз салт-дәстүрімізді ұстанбасақ, онда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысымызды жоғалтамыз. Оны сақтау – біздің ұлттық мұрамызға деген құрметіміздің белгісі.

Назерке НАБИКЕНОВА
Алакөл ауданы

22 НАУРЫЗ — ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ. СОҒАН ОРАЙ, НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА ҚАТЫСТЫ 22 ТҮРЛІ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКПЕН ТАНЫСА ОТЫРЫҢЫЗ

Наурыз мерекесі — әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы тойланып келеді. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Бұрынғы ата-бабаларымыз 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» деп атаған екен. Қызылбас — Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы. «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал мерекесі деген.

1. Наурыздағы басты тағам — «Наурыз көже». Ол жеті түрлі дәмнен жасалады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, жеті шелпек, жеті ата, жеті қазына секілді киелі ұғымдар да бар, бұл санның мағынасы терең.

2. Наурыз мерекесі 18 ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп келеді,1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Бұл жайлы біздің ұлы ойшыл Абай да пікір білдірген «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманына ұштастырады.

3. 2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді.

4. Ал 2009 жылдың 30 қыркүйегінде UNESCO Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

5. Наурыз — көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болумен бірге, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеу мерекесі.

6. Парсы тілдес халықтардың Наурызды бірнеше күн тойлаған. Наурыз күндерінде мынадай салт-дәстүр, ырымдар жасаған: Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жеті, ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалық» ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан, араздаспаған.

7. Наурыз мейрамына байланысты мынадай атаулар бар: Наурызнама, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызкөк, Әз, Қыдыр, Саумалық, Мұхаррам (тыйым), Самарқанның көк тасы.

8. Наурыздың нақты тарихы тереңде жатыр, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа дейінгі заманнан алады. Кейбір ғалымдар бұны зороастризм мен шаманизм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр.

9. Атырау және Маңғыстау облыстарында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталып, «Амал» деп аталады, осы мейрамның дәстүрлі элементі - «Көрісу». Бұл күні адамдар қол алысып қауышады. Сонымен бірге, барлығы «Жаңа жыл құтты болсын!» деп амандасады.

10. 1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылып, сынын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

11. Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

12. Наурыз Қазақстанда ғана тойланбайды. Жақын шетелдің елдері (Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ресей) Наурыз мерекесін қарсы алады! Ауғанстан, Иран секілді алыс шет елдері мерекенің келуін тағатсыздана күтеді.

13. Бұрын Наурыз мейрамын тойлау таң атуды қарсы алудан басталды. Бұл ежелгі ғұрыптардың біріне «Бұлақ көрсең, көзін аш!» деген мәтелге байланысты болды.

14. Наурыздың алғашқы күндерінің бірінде қазақ халқының нанымы бойынша жердің бетінде ерекше бір гүіл жүреді. Мұндай күні бүкіл табиғат, жан-жануарлар, адамдар жандана түседі.

15. Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Хамал — Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады.

16. Наурыздың мағынасы — наурыз парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие.Қазақтар бұл мейрамды Әз-Наурыз мейрамы деп те атайды.

17. Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жанасады. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені «Бәйшешек», «Гүлгардон» не «Гүлнавруз», татарлар «Нардуган», деп атаған.

18. Мереке күні қар жауып тұру жақсы ырым деп саналған. Бізге жеткен қазақ аңыздарында қыздың сұлулығы Наурыздың ақ қарына теңестеріледі. Бұл таңғажайып жайт емес, өйткені наурыздағы қар әдетте жұмсақ, ерекше аппақ болады.

19. Наурыз айы туғанда өтетін «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол наурыздың 14-інен басталып, айдың соңына дейін жалғаса береді.

20. Тәжікстанда мереке «Гүлгардони» дәстүрімен жалғасып, жастар үй-үйді аралап, гүл сыйлайды. Ал Иранда «Сабзе» – бидай немесе арпа өскінін өсіріп, жаңа өмірдің символы ретінде дастарханға қояды.

21. Наурыз мейрамы — діни мереке емес. Бұл — қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады.

22. Наурызда түн мен күн теңеледі. 21-22 наурызда күн мен түн теңесіп, табиғат жаңарады. Бұл мереке астрономиялық тұрғыдан жаңа жылдың басы ретінде қарастырылады.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЗОВАНИЕ

КАКИЕ ДОПЛАТЫ И СТИМУЛЫ ПОЛУЧАЮТ ПЕДАГОГИ?

В Казахстане насчитывается около 400 тыс. педагогов, работающих в 8 тыс. школ по всей стране. По данным Министерства просвещения РК, порядка 300 тыс. из них уже получают доплаты за квалификационные категории, присвоенные по итогам аттестации, сообщает Zakon.kz.

С 2020 года, согласно поручению президента, заработная плата педагогов была увеличена на 100%, то есть в два раза. В сентябре 2023 года дополнительное повышение на 30% получили воспитатели дошкольных организаций, а также доплату на 30−35% педагоги организаций технического и профессионального образования, привлеченные с производства.

После принятия Закона РК «О статусе педагога» размер зарплаты учителей стал зависеть от нескольких факторов, включая уровень образования, квалификации (мастер, исследователь, эксперт, модератор), стаж, объем нагрузки, а также дополнительные выплаты за условия труда, академическую степень (10 МРП), наставничество и внеурочные спортивные занятия (100% от базового должностного оклада).

Особое внимание уделяется сельским педагогам — их зарплата выше минимум на 25% по сравнению с городскими коллегами.

По итогам 2024 года средняя заработная плата учителя в Казахстане на одну ставку (16 часов) составила 352 тыс. тенге в городе и 435 тыс. тенге в селе. При этом, согласно данным Национальной образовательной базы данных (НОДБ), половина педагогов страны работают на 1,5 ставки (24 часа), получая в среднем 581 тыс. тенге в месяц.

Кроме того, Казахстан — одна из немногих стран, в которых есть практика поощрения педагогов за достижения в области образования, подготовку призеров олимпиад и получение государственных наград. В 2024 году 89 педагогов стали лауреатами государственных премий, размер которых составил 3,6 млн тенге (1000 МРП). Среди награжденных — Герои труда, заслуженные учителя Казахстана, победители конкурса «Лучший педагог».

Таким образом, в последние пять лет Казахстан сделал значительные шаги в сторону повышения статуса и финансового благосостояния педагогов, обеспечив не только рост базовой заработной платы, но и систему надбавок и стимулирующих выплат.

НАЗНАЧЕНИЯ

НАЗНАЧИЛИ ПРЕДСЕДАТЕЛЕЙ ТРЕХ ОБЛАСТНЫХ СУДОВ

ПРЕДСТАВЛЕНЫ НОВЫЕ ПРЕДСЕДАТЕЛИ ПАВЛОДАРСКОГО, МАНГИСТАУСКОГО И ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНЫХ СУДОВ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ВЕРХОВНЫЙ СУД.

Председатели судебных коллегий Верховного суда Нурсерик Шарипов, Назгуль Рахметуллина и Аслан Тукиев представили судейскому сообществу вновь назначенных председателей Западно-Казахстанского, Мангистауского и Павлодарского областных судов. Ими стали Азат Избасаров, Максут Текетаев и Серик Толегенов соответственно.

Во встречах приняли участие судьи регионов, руководители государственных и правоохранительных органов, ветераны судебной системы и представители департаментов судебной администрации.

Спикеры отметили многолетний опыт работы в судебной системе, высокую квалификацию, авторитет и организаторские способности вновь назначенных председателей судов. Перед ними была обозначена первостепенная задача — повышение качества отправления правосудия в судах.

Назначенный председателем Западно-Казахстанского областного суда Азат Омирбекович Избасаров родился в 1978 году в селе Текели Алматинской области. В 1999 году окончил Казахский государственный юридический университет.

Назначенный председателем Мангистауского областного суда Максут Нысанбаевич Текетаев родился в 1970 году в Шиелийском районе Кызылординской области. В 2003 году окончил юридический факультет университета имени Д. Кунаева (Алматы).

Назначенный председателем Павлодарского областного суда Серик Кенесович Толегенов родился в 1968 году в селе Айдарлы Алматинской области.

ИПОТЕКА

КАК ПЕРЕДАЕТ SPUTNIK.KZ С 5 МАРТА В КАЗАХСТАНЕ ИДЁТ ПРИЕМ ЗАЯВОК НА УЧАСТИЕ В ИПОТЕЧНОЙ ПРОГРАММЕ «НАУРЫЗ» ОТ «ОТБАСЫ БАНКА».

ИДЁТ ПРИЕМ ЗАЯВОК НА ИПОТЕКУ «НАУРЫЗ»

Цель программы — покупка первого жилья, ставка будет 7−9%. Воспользоваться программой могут казахстанцы, у которых за последние пять лет не было в собственности недвижимости. Заявки принимаются до 31 марта на портале Baspana Market.

При этом, нет ограничений по возрасту и статусу.

Как стать участником: открыть депозит в «Отбасы банке» (если его еще нет), срок депозита не имеет значения; пополнить депозит до 2 миллионов тенге (можно внести всю сумму перед подачей заявки); пройти проверку на отсутствие недвижимости у себя и членов семьи (супруги и несовершеннолетние дети) в течение последних 5 лет; подтвердить наличие официального дохода за последние 6 месяцев.

По условиям программы заемщик может получить кредит при первоначальном взносе: от 10% — при покупке жилья в чистовой отделке; от 20% — при покупке жилья в черновой отделке или на вторичном рынке.

Ставка по ипотеке составляет: 7% — для социально уязвимых слоёв населения, состоящих в очереди на жильё; 9% — для всех остальных.

Срок кредита — до 19 лет. Максимальная сумма займа до 36 млн тг. в Астане и Алматы, до 30 млн тг. — в других регионах.

Также с 17 марта стартовал приём на ипотеку «Наурыз Жұмыскер» для работников сфер промышленности, энергетики, транспорта, сельского хозяйства и водных ресурсов.

МЕДИАЦИЯ

СТОРОНЫ ПРИХОДЯТ К ВЗАИМОВЫГОДНОМУ РЕШЕНИЮ

ВО ВРЕМЯ ПРОЦЕДУРЫ МЕДИАЦИИ СТОРОНЫ, УЧАСТВУЮЩИЕ В КОНФЛИКТЕ, САМОСТОЯТЕЛЬНО ПРИХОДЯТ К ВЗАИМОВЫГОДНОМУ РЕШЕНИЮ, ОПИРАЯСЬ НА ОПЫТ, ЗНАНИЯ И УМЕНИЯ МЕДИАТОРА. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ ПОЛНОСТЬЮ ЗАВИСИТ ОТ ВОЛИ САМИХ СПОРЯЩИХ. ОСОБЕННОСТЯМИ МЕДИАЦИИ ЯВЛЯЕТСЯ ТО, ЧТО ПРОЦЕДУРА ГИБКАЯ, НЕОФИЦИАЛЬНАЯ И НЕФОРМАЛЬНАЯ, ЭТО ФОРМА ВНЕСУДЕБНОГО РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ С ПОМОЩЬЮ ТРЕТЬЕЙ НЕЙТРАЛЬНОЙ, БЕСПРИСТРАСТНОЙ СТОРОНЫ – МЕДИАТОРА.

В силу положений пунктов 5, 6 нормативного постановления Верховного суда Республики Казахстан от 13 декабря 2001 года № 21 «О подготовке гражданских дел к судебному разбирательству» суду следует разъяснять сторонам право на заключение мирового соглашения, соглашений об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или партисипативной процедуры в соответствии с частью 1 статьи 48 ГПК, регламентирующей право сторон на заключение таких соглашений.

При представлении сторонами изложенных в письменном виде и ими подписанных мирового соглашения, соглашений об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или партисипативной процедуры судья, согласно требованиям статьи 172 ГПК, проводит предварительное судебное заседание по правилам, установленным главой 18, и в соответствии со статьей 48, частью 1 статьи 168, подпунктами 5), 6) статьи 277 ГПК вправе вынести определение об их утверждении и прекращении производства по делу. На основании статей 109 и 115 ГПК судья обязан распределить между сторонами судебные расходы, исходя из условий соглашений с учетом положений части 4 статьи 176 ГПК об основаниях признания взаимно погашенными судебных расходов. При утверждении судом мирового соглашения, соглашений об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или партисипативной процедуры уплаченная государственная пошлина подлежит возврату плательщику в порядке, предусмотренном Кодексом Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс).

Изложенное позволяет сделать вывод, что помощь судьи в гражданском процессе в большей степени носит информационный характер, в соответствии с которой стороны получают полную информацию о примирительных процедурах, процессуальном оформлении, ее преимуществах, правовых последствиях. Неисполнение судьей обязанности по разъяснению сторонам права воспользоваться примирительными процедурами обоснованно расценивается как нарушение прав лиц, участвующих в деле, вытекающим из принципа состязательности и равноправия сторон (часть 4 статьи 15, часть 2 статьи 5 ГПК).

Кроме того, с учетом вышеизложенного считаем, что жизнеспособность примирительных процедур в Казахстане зависит не только от судей, профессиональных адвокатов и медиаторов, но и, прежде всего, от правосознания граждан, которые будут стремиться разрешить спор миром.

Аружан КОЙТАН,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

БҰРЫМДЫ БОКСШЫЛАРЫМЫЗ БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРДЫ

ZAKON.KZ ХАБАРЛАУЫНША, 2025 ЖЫЛДЫҢ 9-16 НАУРЫЗЫ АРАЛЫҒЫНДА СЕРБИЯНЫҢ НИШ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ БОКСТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. БҰЛ ЖАРЫСҚА 51 МЕМЛЕКЕТТЕН КЕЛГЕН ҮЗДІК СПОРТШЫЛАР ҚАТЫСТЫ. ЧЕМПИОН АТАНҒАНДАР 100 МЫҢ АҚШ ДОЛЛАРЫН ИЕЛЕНСЕ, КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРЛЕР 50 МЫҢ, ҚОЛА ЖҮЛДЕ ИЕГЕРЛЕРІ 25 МЫҢ ДОЛЛАРДАН АЛДЫ. АЛ ШИРЕК ФИНАЛҒА ДЕЙІН ЖЕТКЕН БОКСШЫЛАР 10 МЫҢ ДОЛЛАР СЫЙАҚЫҒА ИЕ БОЛДЫ.

Қазақстан құрамасы бұл додада тарихи нәтижеге қол жеткізіп, үш алтын, екі күміс және бір қола медаль жеңіп алды. Жүлдегерлер қатарында: 48 келі салмақта – Назым Қызайбай (алтын); 50 келі салмақта – Алуа Балқыбекова (алтын); 63 келі салмақта – Аида Әбікеева (алтын); 60 келі салмақта – Виктория Графеева (күміс); +81 келі салмақта – Елдана Тәліпова (күміс) және 70 келі салмақта – Наталья Богданова (қола) медаль қоржынға салды.

Айта кетейік, Назым Қызайбай Қазақстан боксы тарихында тұңғыш рет үш дүркін әлем чемпионы атанды. Сондай-ақ әр әлем чемпионатында Қазақстан әнұранын алғашқылардың бірі болып шырқатты. Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық боксшы Назым Қызайбайды тарихи жеңісімен құттықтады және Сербияда өткен Әлем біріншілігінде үздік нәтиже көрсеткен Ұлттық құрама мүшелеріне алғыс айтты.

«Назым Қызайбайды отандық бокс тарихында тұңғыш рет үш дүркін Әлем чемпионы болуымен құттықтаймын. Бұл – айтулы жетістік! Сербияда өтіп жатқан Әлем біріншілігінде үздік нәтиже көрсеткен Ұлттық құрама мүшелеріне алғыс айтамын. Спортшы қыздарымыздың алдағы уақытта да үлкен жеңістерге жете беруіне тілектестік білдіремін», - деп жазды Мемлекет басшысы Instagram әлеуметтік желісіндегі өзінің парақшасында.

Аида Әбікеева

Назым ***Қызайбай***

Алуа Балқыбекова

Бұдан бөлек, Қазақстан құрамасының үш боксшысы тұңғыш рет әлем чемпионатының жүлдегерлер қатарына қосылды. Боксшыларымыз жалпы 35 жекпе-жек өткізіп, оның 26-сында жеңіске жетті. Олардың ішінде Еуропа боксшыларымен 16 кездесу, Азиямен 10, Африкамен 4, Оңтүстік Америкамен 2, Солтүстік Америкамен 2 жекпе-жек өтті.

Жалпы командалық есеп Ресей – 4 алтын, 1 күміс, 2 қола; Қазақстан – 3 алтын, 2 күміс, 1 қола; Түркия – 1 алтын, 2 күміс, 2 қола; Қытай – 1 алтын, 1 күміс, 3 қола; Сербия – 1 алтын, 5 қола; Солтүстік Корея – 1 алтын, 2 қола; Марокко – 1 алтын, 1 қола; Таиланд – 2 күміс, 1 қола; Ирландия – 2 күміс; Өзбекстан – 1 күміс, 3 қола медальға ие болды.

Бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионатында Халықаралық бокс ассоциациясы (IBA) жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қомақты қаражат берді. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Сербияның Ниш қаласында өткен әлем чемпионатында IBA әрбір жүлделі орындарға арнайы сыйақы берді. Байрақты бәсекеде чемпион атанған 12 боксшыға 100 000 доллар табыс етілді. Ал финалда сүрініп, күміс медаль иеленген тағы 12 спортшы 50 000 доллар қаражат тапты. Жартылай финалда жеңіліп, қола жүлдені қанағат тұтқан 24 аруға 50 000 доллар сертификат табысталды. Сондай-ақ, ширек финалда ұтылған 48 боксшы 10 000 доллар сыйақыға ие болды.

Бұдан бөлек, елімізде әлем чемпионатының жеңімпаздарына 15 000 доллар қаражат табыс етіледі. Күміс жүлде иеленгендер 7 000 доллар, қолаға қол созғандарға 5 000 доллар беріледі. Сонымен қатар, бапкерлерге де сыйақы қарастырылған. Шәкірті алтын медаль иеленген тәлімгерлер мемлекеттен 10 000 доллар ақша алса, күміс пен қола жүлде алған боксшылардың жеке бапкерлеріне 5 000 және 3 000 доллар табыс етіледі.

Осылайша, бұл әлем чемпионатында жеңімпаз атанған Назым Қызайбай, Алуа Балқыбекова және Аида Әбікеева барлығы 115 000 доллар, яғни 57 500 000 теңге табыс тапты. Ал дүбірлі додада күміс жүлде иеленген Виктория Графеева мен Елдана Тәліпова 57 000 доллар сыйақы иеленді. Бұл 28 500 000 теңге. Байрақты бәсекеде қола жүлдені жеңген Наталья Богданова 30 000 доллар немесе 15 000 000 теңгеден аса пайда тапты. Және ширек финалда сүрінген Жайна Шекербекова, Жасмин Қизатова, Карина Ибрагимова, Надежда Рябец 10 000 доллардан ұтып алды.

«ЖЕТІСУ САЛБУРЫНЫ – 2025»

БҮРКІТШІЛЕР БӘСЕКЕГЕ ТҮСТІ

Талдықорғанда Наурыз мерекесіне орай алғаш рет «Жетісу салбурыны – 2025» республикалық турнирі өтті. Оған еліміздің әр өңірінен 12 команда – 54 құсбегі қатысты.

Құсбегілер сайыстың негізгі кезеңдерінде бүркітті қолға шақыру және шырғаға салу бойынша бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша «Бүркіт» номинациясында атыраулық Арман Кушкаров I орын, Алматы облысының бүркітшілері Алмас Сейітжан II орын, Өмірхан Баетбайпен Сейітжан Бексұлтан III орынды иеленді.

Ал «Қаршыға» аталымында жамбылдық Берікболсын Бабажан алтын, алматылық Аян Сейітжан күміс, Жамбыл облысынан келген Бақдәулет Бабажан мен Алматы облысының саяттшысы Бекнияз Қуанышбаев қола медальға ие болды.

Қарағандылық Таңат Оспанқұлов «Ителгі» номинациясында үздік шығып, I орын алса, II орын жетісулық Кісей Әбдікәрімге, III орын Алматы мен Астана қалаларынан келген Ерасыл Серікбекұлымен Сұлтансері Есентаевқа берілді.

Жүлдегерлердің бәрі кубоктар, грамоталар, сол сияқты ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУЛЫҚТАРДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Жетісу облысы әкімі баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Жетісу облысында 17 жаңа спорт нысанының құрылысы жүргізіліп жатыр. Соның ішінде 5-еуі пайдалануға берілген екен. Өткен жылдың қыркүйек айының аяғында қала күні атап өтілген кезде Талдықорғанда «Жетісу» кәсіби волейбол клубына арналған заманауи волейбол орталығы және спортшыларға арналған төрт қабатты тұрғын үй пайдалануға берілген болатын. Осы ғимараттардың ашылу салтанатында:

– *Мемлекет басшысы бізге бұқаралық спортты дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау міндетін жүктеді. Осы орайда, «Жетісу» клубы үшін заманауи волейбол орталығының ашылуы спортшыларымыздың кәсіби өсуіне, өзіміздің жас кадрларды тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызып отыр. Алдағы уақытта «Жетісу» волейбол клубының академиясын құрамыз. Оған орта мектептерден волейболға қабілеті бар балалар іріктеліп алынады. Бұл академияда олар жалпы білім беру бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, волейболмен қарқынды түрде айналысатын болады. Осылайша біз өз ойыншыларымызды, болашақ чемпиондарымызды кезең-кезеңімен тәрбиелейтін боламыз*, - деген еді облыс әкімі Б.Исабаев.

Сонымен қатар, өңір басшысы волейбол орталығы жергілікті бюджеттен, ал спортшыларға арналған тұрғын үй инвестордың қаражатына салынғанын атап өтті. Бейбіт Исабаев салтанатты жиынға қатысқан кәсіпкер-меценат Кеңес Рақышевқа Жетісудағы бұқаралық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін облыс тұрғындары атынан алғысын білдірген болатын.

«Жетісу» кәсіби волейбол клубының директоры Нияз Жантілеуов волейбол орталығы жоғары кәсіби деңгейдегі жоғары сапалы материалдық-техникалық базасымен ерекшеленетінін атап көрсеткен.

– *Волейбол – спортшылар үшін физикалық тұрғыдан қиын, кең ауқымды қозғалыстарды қажет ететін спорт түрі. Сондықтан бұл спортпен айналысу үшін спортшыларға жоғары сапалы еден қажет. Ең бірінші, еденнен спортшы жарақат алмауы керек. Еден жұмсақ, соққыға төзімді болғаны жөн. Міне, жаңа орталықта осы ең маңызды талап бірінші кезекте орындалады. Еден Франция қаласынан жеткізілді. Мұнда барлығы да халықаралық олимпиада талаптарына сай*, – деген клуб басшысы.

– *Біз осы жаңа залда оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Зал, әрине, өте жақсы, жарық, ыңғайлы, кең. Едендер ыңғайлы, тераф-лекс тайғақ, бұл ойыншылар үшін маңызды. Бұрын біз «Жастар» спорт сарайында жаттығатынбыз. Ол жақта жақсы жағдай бар. Бірақ басқа спорт түрлерінен жарыс өткенде жаттыға алмаймыз. Жаттығулар санын азайту, әрине, жалпы команданың дайындық сапасына әсер етеді. Енді өз орталығымызда өзіміз емін-еркін, кез келген уақытта жаттығуымызды жасаймыз. Бұл клубтың кәсіби жетістіктеріне оң әсер ететініне сенімдімін. Ең бастысы – жақын жерде спортшыларға арналған үй де салынғаны өте ыңғайлы*, – деп, әйелдер волейбол командасының ойыншысы Яна Рахматуллина да өз әсерімен бөліскен.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТІЛЕГІ – ОРЫНДАЛДЫ, МІНЕ, ЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылдың желтоқсан айында Жетісу облысына келген жұмыс сапары барысында волейбол клубының осы теңдесі жоқ оқу-жаттығу кешенін аралап көрген болатын. Сол кезде Президент волейбол орталығының үш қабатты ғимаратының жалпы ауданы 2,3 мың шаршы метрден асатыны, 1-қабатында жаттығу залы, 2-қабатында жаттықтырушылар бөлмесі, киім ауыстыратын бөлмелер, емдеу-массаж, душ кабиналары, ал 3-қабатта жаттығу залы мен әкімшілік кабинеттер орналасқаны, жаңа волейбол орталығында екі жаттығу бөлмесі бар, яғни, әйелдер мен ерлер командалары бөлек жаттығатыны жайлы мағлұматтар естіп, өз көзімен көріп ризашылық білдірген болатын.

Сонымен қатар Президент спортшыларға арналған тұрғынжаймен де танысып, жалпы ауданы 3 мың шаршы метрден асатын үй ғимараты 41 орынға арналғанын, үйде барлық қажетті санитарлық-тұрмыстық құрал қамтылғанын, оның ішінде ас үй мен кір жуатын, жуынатын арнайы бөлмелер де қарастырылғанын көзімен көріп, көңіліне тоқып, мамандармен және спортшылармен әңгімелесіп, команданың жақсы ойын үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтіп, сондай-ақ осыған дейін Алматы қаласында жаттығып келген клубтың енді облыста дайындық жасай алатынына назар аударған. Сөз соңында спортшыларға халықаралық деңгейде өнер көрсету қажет екенін айтып, алдағы жарыстарда жеңіске жетулеріне тілектестік білдірген болатын. Мінеки, бүгінгі таңда жетісулық волейболшы қыздар жасалған жан-жақты қамқорлық пен артылған сенімге қанаттана түсіп, мемлекет басшысының ақжарма тілегін абыроймен орындап, ел біріншілігінің жеңімпазы атанды. Сөйтіп, Қазақстанның тоғыз дүркін чемпионы атанды. Орайы келгенде айта кетсек, жетісулық қыздар командасы бұған дейін 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2014, 2015 және 2020 жылдары сегіз рет ел чемпионы атанған болатын.

ЖАЛҒАСҚАН ЖЕҢІС ЖОЛДАРЫ

Жалпы «Жетісу» қыздар командасының волейболшылары биылғы маусымда жеңісті жолдарын жалғастырып келеді. Атап айтсақ, осылайша «Жетісу» волейбол қыздар командалары 2024-2025 жылдардағы маусымда үшінші жеңісіне қол жеткізіп отыр, яғни, ҚР чемпионатын тоғызыншы рет, сол сияқты кубогын да тоғызыншы мәрте, суперкубокты төртінші мәрте ұтып алды. Суперкубок иеленуінің арқасында Филиппинде өтетін волейболдан клубтар арасындағы Азия чемпионатына жолдама алды.

Ұлттық лиганың волейболдан әйелдер командалары арасында Қазақстанның 33-ші Чемпионатының Плей-офф ойындары Өскемен қаласында өтіп, финалда алаң иелері «Берел» командасын қосымша үшінші ойында 3:1 есебімен ұтқан жетісулық қыздар өз тарихында 9 дүркін Қазақстан чемпионы атанды. Бұл ретте жеке номинация бойынша «Жетісу» командасынан Дарья Шаргородская үздік байланыстырушы, Мадина Бекет үздік қорғаушы атанса, жалпы чемпионаттың үздік ойыншысы Карина Денисова деп танылды. Чемпионат аяқталғаннан кейін «Жетісу» командасының бас бапкері Марко Гршич ой бөлісті:

«Ең алдымен команда ойыншыларына ризамын. Шешуші ойындар оңайға түскен жоқ. Бірақ біздің қыздар өзінің мықтылығын көрсетті. Бұл ретте бізді соңына дейін қолдаған жанкүйерлерімізге де алғыс білдірімемін. Бұл маусым – «Жетісу» командасының маусымы деп мақтанышпен айта аламыз», - деді ол.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша біздің команда Өскемен қаласынан жеңіспен оралысымен облыс әкімі Бейбіт Исабаев «Жетісу» кәсіби волейбол клубының ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында клуб өкілдері марапатталды.

- *Сіздер «Жетісуға» чемпиондық атақты қайтарып қана қоймай, бір маусымда үш мәрте жеңіске жетіп, Қазақстан чемпионаты мен кубогын тоғызыншы рет, Суперкубокты төртінші рет жеңіп алдыңыздар. «Жетісу» волейбол клубының спорттағы кәсіби жолы, жеңіс тарихы мен берік дәстүрі – өскелең ұрпаққа лайықты үлгі. Сіздер біздің үмітімізді ақтадыңыздар*, - деген Б. Исабаев бұдан кейін марапаттау рәсіміне көшті.

Атап айтқанда, «Жетісу» әйелдер волейбол командасының бас бапкері Марко Гршич жоғары мемлекеттік награда - II дәрежелі «Достық» орденімен, клуб директоры Нияз Жантілеуов, команда капитаны Карина Денисова, ойыншылар Мадина Бекет, Перизат Нұрбергенова, Татьяна Никитина Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен және арнайы төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ бірқатар ойыншылар мен жаттықтырушыларға, команданың спорт дәрігері мен массажисіне облыс әкімінің алғыс хаттары тапсырылды.

Өздеріне құрмет пен қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірген команданың бас бапкері Марко Гршич: *«Жетісу» командасының чемпион атануы - біздің ортақ жеңісіміз. Көз алдымыздағы үш кубокқа қарағанда бойымызды мақтаныш сезімі билейді. Ең алдымен спортшыларымыздың маусым бойы қалай табанды дайындалғанын, командалық рухын биік ұстағанын атап өткім келеді. Болашақта да ары қарай табанды жұмыс істеуіміз керек*, - деді ол.

Сол сияқты команда капитаны Карина Денисова: *«Талдықорғанда кәсіби волейболды одан әрі дамыту үшін тамаша жағдай жасап, көмек көрсетіп, қолдау білдіргендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Біздің бар жағдай жасалған өз заманауи жаттығу базамыздың болғаны бізге үлкен көмек болды. Біз сәтсіздікте де, жеңісте де бірге болдық, сол ұйымшылдығымыздың арқасында осындай жетістікке жеттік. Сөйтіп «Жетісу» клубының бұрынғы даңқын қайтарып ала алдық»*, - деді К.Денисова.

Жоғарыда атап өткеніміздей, суперкубоктағы жеңіс «Жетісуға» 18-28 сәуірде Филиппинде болатын Азия клубтық чемпионатына қатысуға жолдама сыйлады. Ел чемпионатындағы жеңісінен кейін, команда бір апта үзіліс алып, артынша Азия чемпионатына дайындалады. Ал Азияның 12 үздік командасы тоғысқан чемпиондар лигасында «Жетісу» «А» тобында «Creamline cool smashers» (Филиппин), «Әл Насер» (Иордания) командаларымен ойнайды. Сары құрлық бәсекесінде де қыздарымызға табыс тілейміз!

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БАЙҚАУ

АТАЛАР ЖЕҢІСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

9 МАМЫР

80 ЖЫЛ

«Алатау» газеті 2025 жылдың ақпан айынан бастап 30 сәуірге дейін 1941-1945 жылдардағы соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арнап Жетісу облысының мектеп оқушылары арасында шығармашылық байқау жариялайды.

БАЙҚАУ ШАРТЫ :

1. Жауынгер аталар туралы жазылған шығарма көлемі А-4 форматы бойынша 3 беттен аспауы керек.
2. Шығарма кейіпкерінің суреті. Кейінгі жылдардағы сурет болса да жарайды.
3. Автордың суреті мен мекен-жайы
4. Суреттер мен шығарманы мына электронды поштаға салуға болады **alatau.offset@mail.ru**
5. Немесе **8-776-970-07-18, 8-771-465-13-13** телефондарының ватсабына жіберуге болады.

Байқау қорытындысы мамырдың алғашқы күндері қорытындалып, жеңімпаздар белгіленеді. Атаңыздың аты өшпесін, қатысыңыз!

КОНКУРС

80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ ПОСВЯЩАЕТСЯ!

9 МАМЫР

80 ЖЫЛ

Газета «Алатау» объявляет конкурс школьного сочинения на тему «Мой дед воевал за Родину», посвященный участникам Великой Отечественной войны 1941-45 годов.

УСЛОВИЯ КОНКУРСА:

1. Сочинение о солдате - дедушке с его фото и наградами не должно превышать 3-х страниц формата А-4.
2. Фото героя сочинения с его наградами, можно послевоенное фото.
3. Фото автора и адрес проживания, телефон для связи.
4. Сочинения и фото высылать на Э/почту газеты **alatau.offset @mail.ru** или на Whatsap по номеру:
8-776-970-07-18, 8771-465-13-13.
5. Работы школьников по мере поступления будут опубликованы в газете.

Материалы принимаются до 30 апреля 2025 года. Результаты конкурса будут сообщены до Дня Победы - 9 Мая 2025 года.



«Алатау» газетінің келесі саны 2025 жылдың 4 сәуір күні шығады.

Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: ***Ырым КЕНЕНБАЙ***

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: *040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 296
Индекс 15534